# Атырау облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасын бекіту туралы

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихатының кезектен тыс XXI сессиясының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 263-II шешімі. Атырау облыстық әділет басқармасында 2002 жылғы 25 ақпанда№N 1238 тіркелді

**Төлқұжат**

Атауы Атырау облысының 2003-2005 жылдарына арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасы

Негіз Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 2 тамыздағы N№864 " Қазақстан Республикасының
2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге
асыру шараларының жоспары туралы" қаулысы .

Негізгі
әзір.
леушісі Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы.

Мақсаты Облыстық ішкі өндіріс есебінен облыс халқын азық-түлікпен қамтамасыз етілу
деңгейін көтеру, ауыл шаруашылығы өнімдерінің және қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге
қабілеттілігін және импорттық орын басушылығын қамтамасыз ету және осы негізде
ішкі және сыртқы нарықта да сату көлемін ±ұлғайту, азық-түлік импортының деңгейін
төмендету.

Міндет.
тері Бағдарламаның мақсатына жетуі үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:
Ғылыми ұсыныс негізінде барлық ауыл шаруашылық өндіріс салаларының тиімді
жүйесінің енгізілуін қамтамасыз ету, аудандарды мамандандыру және жаңа қор үнемдеу
технологияларын енгізу;
ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу, қайта өңдеу жаңа өндірісін ұйымдастыру;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы өндірісіндегі

жетістіктермен және жаңалықтармен, өнім өткізу нарығының жағдаяттары туралы
ақпараттың қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру;
ауылдың өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымын дамыту.

Н е г і з г і
ш а р а .
лары Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдауының қайтарымдылығына
б а р ы н ш а қ о л
жеткізу, бағымдағы малдардың өнімділік қасиетін жақсарту және егін түсімдерін
жоғарылату есебінен ауыл шаруашылығы өндірісінің пайдалылығын арттыру.

Қ а р ж ы .
л а н д ы р у
көздері Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс
к ө з д е р д і ң
қаражаты (қарыз қаражаты, тікелей инвестициялар, гранттар, демеушілер көмегі
ж ә н е
т.с.с.)

Б а ғ д а р .
л а м а н ы
і с к е
а с ы р у .
д а н к ү .
т і л е т і н
т ү п к і .
л і к т і
нәтиже Халықтың ±тұрмыс деңгейін көтеруге, жұмыссыздықты төмендетуге,
э к о н о м и к а с а л а с ы н ы ң
серпінді өсуіне қол жеткізу

І с к е
а с ы р у
мерзімі 2003-2005 жылдар.

## 1. Кіріспе

Қазіргі кезде аграрлық азық-түлік секторында, жалпы республика көлеміндегідей,± бұрынғы өндірістік қатынастар күйреуінің және жаңасы қалыптасуының әсерінен
қ а т т ы д а ғ д а р ы с
кезеңін бастан кешіріп, өндірістік, әлеуметтік экономикалық көрсеткіштер тұрақтанды.
Е г е р
1999-2000 жылдарда ауыл шаруашылығы өндірісінің тек бірнеше өндірістік
к ө р с е т к і ш т е р і н і ң
тұрақталуы байқалған болса, 2001 жылы облыста ауыл шаруашылығы малдарының

саны (шошқадан басқасы) өсті, заңды ±тұлға статусындағы барлық ауыл шаруашылығы ±құрылымдары шаруашылық жылын пайдамен бітірді, несиелік берешегі азайды. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысының көрсеткіштері де үміт күттірерлік, мал шаруашылығы көрсеткіштері тұрақты өсуде, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсу қарқыны былтырғы жылдың осы кезеңіне сәйкес деңгеймен салыстырмалы бағада 102,1%±құрайды.

Қазір аграрлық салада бірінші жоспарда, саланың тиімді дамуы, аграрлық бизнестің ұтымды құрылымын қалыптастырумен байланысты өсудің жаңа сапасына көшу, агротехнологиялардың және зооветеринарлық ±жұмысы деңгейін көтерумен қамтамасыз ету мәселелері көзделуде.

Облыстық агроөнеркәсіптік кешенінің даму жағдайы өндіріс тиімділігінің, өндірілетін тамақ өнімдерінің сапасы мен баға көрсеткіштері жағынан бәсекеге қабілеттілігінің, азық-түлік импортының деңгейін төмендету мен экспорттық көлемін арттыру сияқты бағдарланған экономиканың талаптарына сәйкес аяғында облыстың аграрлық секторында өндіру мен сатудың теңдестірілген рыноктары қалыптасып, экспорт мүмкіндіктері кеңейтіліп, облыс± тұрғындарын негізгі азық-түліктермен қамтамасыз ету деңгейі ет - 5,1%, сүт -6,5%, картоп, көкөніс, бақша өнімдері -7,3% ұлғаятын болады.

Аграрлық сектордың табысты дамуына және облыс тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуге көзделген шекке жетуіне саланы мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қаржылай қолдау үлкен роль атқарулары тиіс.

## 2. Аграрлық азық-түлік бағдарламасының мақсаты мен өлшемдері

2003-2005 жылдарына арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасының негізгі мақсаты агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде облыс тұрғындарын сапалы, экологиялық жағынан таза азық-түлікпен қамтамасыз етілу

деңгейін арттыру болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

облыста аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;

мал шаруашылығының өнімділік сапасын және жердің өнімділігін жақсарту;

ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдастырушылық, экономикалық және қаржылай қолдау шараларын ±ұлғайту;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ақпараттық қамтамасыз ету.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін облыстық агроөнеркәсіптік кешенінің сапалық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өлшемдер жүйесі пайдаланылатын болады. Ағымдағы жай-күй мен күтілетін нәтижелер мынадай өлшемдер топтары бойынша бағаланатын болады:

1) халықты азық-түлікпен қамтамасыз етілуі және қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылық деңгейін сипаттаушылар:

азық-түліктің нақты және экономикалық қол жетімділік деңгейі;

ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы;

тұтыну нормаларының стандарттарын қамтамасыз ету үшін тамақ өнімдерін өндірудің қажетті көлемін сипаттайтын шекті мәндер;

тамақ өнімдерінің сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік деңгейі.

2) ауыл шаруашылығы өндірісін және қайта өңдеуді дамытудың тиімділігін сипаттаушылар:

аграрлық бизнес пен қайта өңдеу кәсіпорындары кірістерінің деңгейі;

Ғылыми негізделген аграрлық технологиялар мен қайта өңдеу технологияларын қолдану деңгейі;

ішкі азық-түлік рыногындағы негізгі тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі;

импортты төмендету және экспортқа шығаратын өнім көлемін арттыру;

ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің көлемі мен өткізу рыноктары сыйымдылығының теңдестірілуі;

ауылда жұмыссыздың деңгейін төмендету.

3) аграрлық азық-түлік кешенін қолдау деңгейін сипаттаушылар:

өнімді өткізуде пайдалы рыноктарды іздестіру шаралары;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін муниципалды рыноктар ұйымдастыру;

ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдерін өндіруді қаржылай қолдау

мөлшерлері мен тиімділігі.

4) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тауарларға, қызметтерге және өнімдерге сұранысы мен ұсынысы жөнінде хабардарлық деңгейін сипаттаушылар:
аудандарда ақпараттық-маркетингтік қызметтердің болуы;
маркетингтік қызметтің ақпараттық материалдарымен жасалған мәмілелер саны.

**3. Облыс тұрғындарының азық-түлікпен қамтамасыз етілуі**

Тұрғындардың азық-түлікпен қамтылуы, бір тұрғынға шаққанда, барлық сырттан әкелінген және облыс ішілік азық-түліктің жиынтық көлемін және тек қана облыста өндірілген тағам түрлерін бөлек есептей отыра алғандағы, барлық азық-түлік көлемімен сипатталады.

**Облыс тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етудің ағымдағы жай-күйі: Азық-түліктің нақты қол жетімділік деңгейі**

Азық-түліктің нақты қол жетімділігі тұтыну нормаларына сәйкес келетін көлемде және түр-түрлерімен, тұтыну орындарында оның үздіксіз болуы ретінде анықталады:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақ тағам академиясы" »
ЖАҚ-ң зерттеулері бойынша, тамақ өнімдеріне нақты қол жетімділік деңгейін бағалау тамақ өнімдерін нақты тұтыну көлемінің тұтыну стандарттарының негізінде есептелген, тұрғындардың қажетті тұтыну көлеміне сәйкестігі ретінде анықталады.

**Облыс тұрғындарының азық-түлікті жан басына шаққанда тұтыну стандартына кг/жылмен нақты тұтынуы**

1-кесте

| Азық-түліктің түрі | Нақты тұтыну, кг/жыл | | | Тұтыну стандарты, кг/жыл | Нақты тұтынудың тұтыну стандартына ара-қатынасы, % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1997 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. | | 1991 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
| Нан өнімдері | 168,0 | 101,5 | 119,9 | 116,17 | 144,6 | 87,4 | 103,2 |
| Картоп | 43,3 | 24,4 | 37,9 | 62,34 | 69,5 | 39,1 | 60,8 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 45,1 | 45,2 | 48,7 | 55,14 | 81,8 | 82,0 | 86,7 |
| Жеміс-жидектері | 6,1 | 7,9 | 22,3 | 29,19 | 20,9 | 27,1 | 76,4 |
| Ет және ет өнімдері | 32,7 | 23,4 | 37,3 | 41,6 | 78,6 | 56,3 | 89,7 |
| Сүт және сүт өнімдері | 95,1 | 57,7 | 190,6 | 179,53 | 53,0 | 32,1 | 106,2 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыртқа, дана | 28,3 | 29,4 | 47,3 | 103,4 | 27,4 | 28,4 | 45,7 |
| Балық және балық өнімдері | 11,6 | 8,8 | 11,9 | 4,38 | 264,8 | 200,9 | 271,7 |
| қант | 22,6 | 16,5 | 44,0 | 15,26 | 148,1 | 108,1 | 288,3 |
| Өсімдік майы | 7,2 | 5,7 | 11,9 | 8,47 | 85,0 | 67,3 | 140,5 |

Тұтыну стандарттары осы бағдарламаны әзірлеу кезінде пайдалану үшін«"Қазақ тағам академиясы" жабық акционерлік қоғамы әзірлеген.

Облыс тұрғындарының тамақ өнімдерін тұтынуының тұтыну стандарттарына сәйкестігін талдауда (1-кесте) облыста тамақ өнімдерін тұтынуда тамақ өнімдерінің жекелеген топтары бөлінісінде елеулі айырмашылықтары бар: егер ет және ет өнімдері, балық пен балық өнімдері, көкөністер мен бақша дақылдары бойынша тұтыну шекті мәндер деңгейінен жоғары немесе деңгейінде болса, ал жеміс-жидек, жұмыртқа, сүт және сүт өнімдері бойынша нақты тұтыну тұтынудың ең төменгі нормаларынан төмен.

Тұрғындардың азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейі көбінесе аймақтық өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігіне байланысты.

**Облыс тұрғындарының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі**

2-кесте

| Атауы | Тамақ өнімдерін тұтыну стандарт-тары, кг/жыл | Облыс бойынша тамақ өнімде-рін тұтыну-дың шекті деңгейі (450,2 мың адамx2баған), тонна | Ауыл шаруашылығы өнімін есептегенде, облыс бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейі | | Ауыл шаруашылығы өнімін нақты өндіру 2001 жылға өндіріс-тік тұтынусыз | Қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | өнім | тонна | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **Нан өнімдері** қарабидай нанын, күріш пен бұршақ тұқымдастарды қоспай, ұнға есептегенде) | **92,12** | **41472** | **Бидай, барлығы** | **-** | **-** | **-** |
| Бидай ұны | 18,25 | 8216 | Бидай | - | - | - |
| Бидай наны | 94,45 | 42521 | Бидай | - | - | - |
| Макарондар | 4,38 | 1972 | Бидай | - | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **қарабидай наны** | **23,73** | **10683** | **қараби-дай** | **-** | **-** | **-** |
| **Күріш** | **8,07** | **3633** | **Күріш** | **-** | **-** | **-** |
| **Бұршақ тұқымдастар** | **3,72** | **1675** | **Бұршақ тұқымдастар** | **-** | **-** | **-** |
| **Картоп** | **62,34** | **28065** | **Картоп** | **28065** | **8975** | **32,0** |
| **Көкөністер және бақша дақылдары** | **55,14** | **24824** | **Көкөністер және бақша дақылдары** | **24824** | **28323** | **114,1** |
| Капуста | 14,73 | 6631 | Капуста | 6631 | 3237 | 48,8 |
| Пияз | 14,66 | 6600 | Пияз | 6600 | 3025 | 45,8 |
| Сәбіз | 11,15 | 5020 | Сәбіз | 5020 | 2133 | 42,5 |
| қызылша | 1,46 | 657 | қызылша | 657 | 1056 | 160,7 |
| Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 13,14 | 5916 | Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 5916 | 18872 | 319,0 |
| **Жеміс-жидек-тер, барлығы** | **27,37** | **12322** | **Жеміс-жидек тер, барлығы** | **12322** | **147** | **1,2** |
| Алмалар | 23,73 | 10683 | Алмалар | 10683 | 31 | 0,3 |
| Жидектер (жүзім және т.б.) | 3,7 | 1666 | Жидектер ( жүзім және т.б.) | 1666 | 116 | 7,0 |
| Шырын жемістілер | 1,83 | 824 | Шырын жемістілер | - | - | - |
| Қант | 15,26 | 6870 | қант | - | - | - |
| **Ет өнімдері (етке есептегенде)** | **41,6** | **18728** | **Ет өнімде-рі ( етке есеп тегенде )** | **18728** | **19600** | **104,6** |
| Сиыр еті | 14,60 | 6573 | Сиыр еті | 6573 | 6800 | 103,4 |
| Шошқа еті | 10,22 | 4601 | Шошқа еті | 4601 | 200 | 0,04 |
| қой еті | 8,03 | 3615 | қой еті | 3615 | 10600 | 293,2 |
| Құс еті | 5,47 | 2463 | Құс еті | 2463 | 100 | 4,1 |
| Басқа жануар-лардың еті | 2,55 | 1148 | Басқа жануар лардың еті | 1148 | 1900 | 165,5 |
| Балық, барлығы | 4,38 | 1972 | Балық, барлығы | 2820 | 15971 | 566,3 |
| Жұмыртқа (мың дана) | 0,1034 | 46370,6 | Жұмыртқа (мың дана ) | 46370,6 | 906,0 | 1,9 |
| Сүт өнімдері сүтке есептегенде) | 179,53 | 80824 | Сүт өнім- дері( сүтке есептегенде | 80824 | 30100 | 37,2 |
| Сүт, л. | 91,24 | 41076 | Сүт, л. | 41076 | 30105 | 73,3 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| қаймақ | 2,19 | 986 | қаймақ | 986 | 77 | 7,8 |
| Ақ ірімшік | 2,19 | 986 | ақ ірімшік | 986 | 38 | 3,9 |
| Мәйекті ірімшік | 2,55 | 1148 | Мәйекті ірімшік | 1148 | - | - |
| Сары май | 2,19 | 986 | Сары май | 986 | - | - |
| Өсімдік майы | 8,47 | 3813 | Өсімдік майы | 3813 | - | - |
| Күнбағыс майы,л | 6,53 | 2940 | Күнбағыс майы, л. | 2940 | - | - |
| Маргарин | 1,75 | 788 | Маргарин | 788 | - | - |
| Майонез | 0,73 | 329 | Майонез | 329 | - | - |
| Басқалар | | | Басқалар | | | |
| Шай | 0,08 | 36 | Шай | 36 | - | - |
| Ашытқы | 0,06 | 27 | Ашытқы | 27 | - | - |
| Тұз | 0,37 | 167 | Тұз | 167 | - | - |

Тұтыну стандарттарына сәйкес облыс тұрғындарының негізгі тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуін талдау, облыс тамақ өнімдерінің барлық түрлерімен дерлік, балықтан басқасы, өзін-өзі қамти алмайтындығын көрсетеді.

**Экономикалық қол жетімділік деңгейі**

Азық-түлікке экономикалық қол жетімділік ең төменгі тұтыну себетіне енгізілген көлемде баға мен кірістің қалыптасқан деңгейі жағдайында тұрғындардың азық-түлік тауарларын сатып алу мүмкіндігі ретінде анықталады.

**Тұрғындардың кірістері деңгейі**

3-кесте

| № | Негізгі көрсеткіштер | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғындардың орташа кірісі (бір айда орташа жан басына шаққанда) теңге | 3782 | 4381 | 5853 |
| 2 | Күнкөріс деңгейінің шамасы (бір айда орташа жан басына шаққанда) теңге | 3943 | 4490 | 5365 |
| 3 | Экономикалық қол жетімділік коэффициенті (1-жол: 2-жолға) | 0,96 | 0,98 | 1,09 |

2001 жылы жан басына шаққанда орташа номиналдық ақшалай кіріс облыс бойынша бір айда орта есеппен 5853 теңге болып, бұл республика бойынша қалыптасқан 7316 теңге орташа номиналдық ақшалай кірістен 20,0% кем.

Сонымен қатар тұрғындардың топтары мен облыстың аудандары бойынша кіріс деңгейінің елеулі саралануы байқалады.

**Ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы**

Импорттық үлес салмағын негізгі азық-түліктердің жалпы тұтыну көлемін бағалауда импорттау өніміне, жақын және алыс шет елдерден келетін өнім қабылданды, республиканың басқа облыстарынан келетін өнім (шикізат) өзін-өзі қамтамасыз ету көлемінде саналды,

сондықтан ауыл шаруашылығы өнімін тұтыну көлемінде импорттық үлесі шамалы.

4-кесте

| **Өнімдердің атауы** | **1996 ж.** | **1997 ж.** | **1998 ж.** | **1999 ж.** | **2000 ж.** | **2001 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Нан өнімдері (нан және макарон тағамдары, жарма) | 0,1 | 0,1 | 0,2 | 0,2 | 0,3 | 0,3 |
| Картоп | 2,3 | 2,2 | 2,0 | 1,8 | 1,8 | 0,5 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 1,5 | 1,5 | 1,7 | 1,9 | 2,1 | 2,2 |
| Ет және ет өнімдері | 0,8 | 0,8 | 0,9 | 1,1 | 2,1 | 2,3 |
| Сүт және сүт өнімдері | 13,1 | 13,0 | 11,2 | 11,0 | 9,2 | 9,2 |
| Жұмыртқа (дана) | 0,6 | 0,6 | 16,3 | 18,9 | 18,8 | 18,8 |
| Балық және балық өнімдері | 0,4 | 0,4 | 0,2 | 0,1 | 0,1 | 0,1 |

Облыс бойынша жалпы азық-түліктерді тұтынуда импорт үлесі шамалы болса да, бірақ тереңдеп қайта өндірілетін ет, сүт өнімдері, өндірілген көкөністер, кондитер тағамдары, мал майы мен өсімдік майы өнімдерінен бұл көрсеткіштер бірнеше ретке (2,5-3) қауіпсіз импорт деңгейінен (17%) артық.

Импорт ағынын талдау облысқа негізгі азық-түлік импортшысы Ресей екендігін көрсетіп отыр. Ол шұжық тағамдарының, ет және ет-өсімдік консервілерінің, печеньенің, кондитер тағамдарының, қоюлатылған және құнарландырылған сүттің, кетчуптің, майонездің, күнбағыс майының 100%-нан 70%-на дейін қамтамасыз етеді.

Облыстан тыс жерлерге азық-түлік тауарлардан тек балық өнімдері қара уылдырық түрінде және балықтың жартылай фабрикаттары экспортталады.

**Жалпы тұжырымдар:**

Облыс тұрғындарының тамақ өнімдерімен жалпы қамтамасыз етілгендігін және бұл жүйенің тұрақтылығын сипаттай келіп, мынадай қорытындылар жасауға болады:

азық-түлік рыногы, тұтастай алғанда, негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың белгіленген тұтыну стандартын қамтамасыз етіп отыр;

тамақ өнімдеріне тұрғындардың экономикалық қол жетімділігі, тұтастай алғанда тұрғындардың кірістері деңгейімен қамтамасыз етілгенмен, әлеуметтік топтар мен аумақтар бойынша біркелкі емес;

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеудің әлсіз дамуынан және тереңдеп қайта өңдеу азық-түлік импорты көлемінің маңыздылығынан, облыс тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесі тұрақты емес.

**Шаралар:**

республикалық әдістемелерге сәйкес әр аудан мен облыс бойынша тұтастай бір тұрғын есебіне нақты тұтыну тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығын есептеп шығару;

кедейлік пен жұмыссыздықты төмендету арқылы облыс аудандары бойынша тамақ өнімдеріне экономикалық қол жетімділік деңгейін теңестіру;

ауылда кедей тұрғындарының еңбек әлеуетін іске асыруға жағдай жасау;

тұрғындардың осал топтарына мемлекеттік әлеуметті көмек көрсетудің атаулылығын күшейту.

## 3. Аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру

**Жер қатынастарын дамыту. Ағымдағы жай-күй:**

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау және ауыл шаруашылығы өндірісінің төмендеуі нәтижесінде 1991 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 375,4 мың гектарға қысқарып, оның ішінде егістік жер 28,7 мың гектарға кему нәтижесінде тыңайған жерлер көлемі ұлғайған.

| **Жылдар** | **1991** | **1995** | **2000** | **2001** | 1991 ж. салыстырғандағы 2001 ж. өзгерістер ( +,-) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы жерлері, мың га, барлығы | 10205,5 | 9828,7 | 9830,1 | 9830,1 | - 375,4 |
| оның ішінде: - егістік жер, мың га | 30,6 | 12,8 | 2,1 | 1,9 | - 28,7 |
| - тыңайтылған жер, мың га | 9,6 | 27,4 | 38,1 | 38,4 | + 28,8 |
| - көпжылдық, мың га | 0,6 | 1,7 | 0,7 | 0,7 | + 0,1 |
| - шабындық, мың га | 170,2 | 132,6 | 132,6 | 132,5 | - 37,7 |
| - жайылымдық жер, мың га | 9994,5 | 9654,0 | 9654,2 | 9654,3 | - 340,2 |

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1209 шаруа қожалығына (643,9 мың га), 26 акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне (1215 мың га), 12 кооперативтерге (369,8 мың га) бекітілген. Күні-бүгін шаруа қожалықтарының берген есептері бойынша олардың үлесіндегі 50 пайыз жер телімдері пайдаланылмауда.

Атырау Жер ғылыми-өндіріс орталығы мемлекеттік кәсіпорны 2001 жылы суару жүйелерімен қамтылған тыңайтылған жерлерге түгендеу жұмыстарын жүргізіп, 38,4 мың га егістікке

жыртылатын жарамды жерлер есебінен 5,6 мың га егістік жер деп қалдырылып, қалған 32,8 мың га жер су көздерінен үзілген және суарма жүйелері пайдасыз болғандықтан жайылымдылық жерлер есебіне ауыстырылған.

Облыс әкімиятының 2001 жылғы 20 қыркүйектегі N 29 қаулысымен Атырау қаласы және аудан әкімдеріне 2003 жылға дейін шаруа қожалықтарының және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жер телімдерінің құжаттарын қайта тіркеуден өткізу тапсырылған. 2002 жылдың шілдесіне Индер ауданы бойынша - 24 шаруа қожалығы, 11 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Исатай ауданында 19 фермерлер, Махамбет ауданында 16 фермерлер, Қызылқоға ауданында 3 шаруашылығы құжаттарын қайта тіркеуден өткізген. Бұл жұмыстар Жылыой, Құрманғазы аудандарында және Атырау қаласында әлі басталмаған.

**Проблемалар:**

егістік жерлерді талапқа сай күту және толық игеруге жер пайдаланушылардың айналым қорлары жетіспеуі;

топырақтың құнарлылығының төмендігі, егіншіліктің жоғары тәуекелі;
суару-суландыру арналарына бірнеше рет суды көтеру арқылы берілген судың өзіндік құнының жоғарлылығы;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар сатып алуға қойылған қаражаттандыру шарттарының Атырау облысына тиімсіздігі.

**Шаралар:**

ауылдың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу, елді мекендердің жергілікті шекараларын анықтау, алға қарай жерлерді пайдалану жөнінде ұсыныс дайындау;
ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің жерлеріне түгендеу жұмыстарын жүргізу, құқын куәландыратын құжаттарды анықтау, жер телімдерін мақсатты пайдалануын бақылау, телімдерінің нақты көлемдерін және жер салығын толық төленуін айқындау.

**Облыста 2003-2005 жылдары жер қатынастарын дамыту туралы шаралар**

6-кесте

| № | | **2003 ж.** | | **2004 ж.** | | **2005 ж.** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жұмыстардың жалпы құны млн.т. | Қаражат көзі | Жұмыстардың жалпы құны млн. т. | Қаражат көзі | жұмыстардың жалпы құны млн.т. | Қаражат көзі |
| | | | респуб. бюджет | | респуб бюджет | | респуб. бюджет |
| 1. | Ауылдың елді мекендер аймақтарындағы жер-шаруашылығын орналастыру | 10,0 | 10,0 | | | | |
| 2. | Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін түгендеу жұмыстарын жүргізу | 10,0 | 10,0 | | | | |
| 3. | Жайық жағалау бөлігіне топырақтың геоботаникалық түсіру жүргізу | | | 4,9 | 4,9 | | |
| 4. | Аудандар бойынша жерлерді пайдалану мақсатына қарай аймақтандыру | | | | | 8,0 | 8,0 |

**Күтілетін нәтижелер:**

Жерді нарықтың айналымға енгізу, мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету және егіншіліктің тиімділігін арттыру.

## Ауыл шаруашылығында су пайдаланудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

**Суармалы жерлердің жай-күйі:**

Аймақтың табиғи-жағрафиялық жағдайы судың өз ырғағымен суару-суландыру арналарына келтірілмейтіндіктен, бұл арналарға су көтеру жүзбелі қондырғылар сорғыш стансалары арқылы беріледі.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің реформалануы және су шаруашылығы жүйелерін ұстауға республикалық бюджеттен қаржыландыруының қысқартылуы тұрақты суармалы алқаптар көлемінің күрт азаюына, гидротехникалық құрылыстардың, бас жүзбелі сорғыш стансаларының және топтық су құбырларының техникалық жай-күйлерінің нашарлануына әкеліп соқтырды.

Қазіргі таңда бұрынғы 37,0 мың гектар тұрақты суармалы жерлердің тек қана 4,0 мың гектары пайдаланылуда.

**Ауыл шаруашылығында су пайдалану проблемалары:**

су жеткізу құнының жоғары болуы суару-суландыру арналарынан су пайдаланатын елді мекендер мен шаруашылықтардағы ауыл шаруашылығы өндірісінің пайдалылығының төмен болуына себепші болады;

халықтың төлем төлеу қабілетінің төмендігі су жеткізу қызметін көрсететін шаруашылық субъектілері жұмысының зиянға шығуына әкеліп соқтыруда;

суару-суландыру арналарындағы су шығынының жоғарылығы;

гидротехникалық құрылыстардың және су айдау қондырғылардың тозуының жоғары дәрежелілігі;

су өлшеуіштің жоқтығы және су шығыны есебін әрбір су пайдаланушыдан бөлек-бөлек алудың қиындығы;

жекелеген аудандарда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сумен қамтылуы судың тасу деңгейіне аса тәуелділігі.

**Су пайдалану жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар:**

су жеткізу шығынының белгілі бір бөлігін өтеуге жергілікті бюджеттен Атырау Сушар

республикалық мемлекеттік кәсіпорнына демеу қаржы төлеу арқылы су пайдаланушыларды әрі қарай да қаржылық қолдау;

гидротехникалық құрылыстарды, арналарды және су сорғыш қондырғыларды жөндеу;

бас сорғыш стансаларына су өлшегіш құралдарды орнату.

**Қаржылық қамтамасыз ету:**

7-кесте

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | Барлығы млн. теңге | оның ішінде | | | Қаржының көздері |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | |
| Ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 216,3 | 56,6 | 77,8 | 81,9 | Облыстық, республикалық бюджет |
| Шаруашылық арналар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру | 732,0 | 46,0 | 340,0 | 346,0 | |
| **Жинағы:** | **948,3** | **102,6** | **417,8** | **427,9** | |

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және облыстық бюджеттердің жобасын қарауының нәтижесі бойынша өзгертілуі мүмкін.

**Күтілетін нәтиже:**

ауыл шаруашылығындағы су жүйелерін тиімді пайдалануды дамыту, су шаруашылығы мекемелерінің маңызын арттыру;

суармалы жүйелердің пайдалы әсер коэффициентін 78%-ға дейін арттыру;

ауыл шаруашылығы егіс алқаптарын кеңейту, дақылдар түсімділігін және өндіру көлемін орташа есеппен 15-20%-ға дейін ұлғайту;

егіншілік саланың пайдалылығын орташа есеппен 10-12 %-ға арттыру;

ауыл шаруашылығы дақылдарын егу алқаптарын ұлғайту есебінен қосымша 160 жұмыс орнын, оның ішінде 135 орын маусымдық жұмыстарға ашу.

**Егін шаруашылығы. Жалпы сипаттамасы:**

Соңғы үш жылда егін шаруашылығы саласында өнім өндірудің тұрақтануы мен өсу үрдісі байқалды. 1999-2001 жылдарда облысымызда орта есеппен 40,2 мың тонна картоп және

көкөніс-бақша дақылдары өндірілген, немесе 1996-1998 жылдарға қарағанда орта есеппен

115,9%-ға артық. Аталған кезеңдерде картоп дақылының түсімділігі әр гектардан 84-тен 96,5 центнерге дейін ұлғайды. Осындай көрініс көкөніс-бақша дақылдарын өндіру бойынша да байқалып отыр.

**Өсімдік шаруашылығын дамытудағы кейбір көрсеткіштердің серпіні**

8-кесте

| Дақылдар | Жалпы өнім жинау, мың тонна | | | Түсімділігі, ц/га | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орта есеппен 1996-1998ж.ж | Орта есеппен 1999-2001ж.ж. | 1996-1998 ж.ж.% есебімен | Орта есеппен 1996-1998 ж.ж. | орта есеппен 1999-2001 ж.ж. | 1996-1998 ж. ж. % есебімен |
| картоп | 9,6 | 9,9 | 103,2 | 84,0 | 96,5 | 114,9 |
| көкөніс | 18,9 | 23,5 | 124,4 | 132,0 | 119,4 | 90,5 |
| бақша | 6,2 | 6,8 | 109,7 | 154,0 | 162,7 | 105,7 |

**Егіс алқаптарының құрылымын оңтайландыру. Ағымдағы жәй-күй: Егіс алқаптарының құрылымы, га**

9-кесте

| **Дақылдар** | **1996 ж.** | **1997 ж.** | **1998 ж.** | **1999 ж.** | **2000 ж.** | **2001 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егіс алқабы, барлығы | 13128 | 9225 | 7841 | 4313,9 | 4644 | 4130,6 |
| оның ішінде дәнді дақылдар: | 2084 | 1651 | 1374 | 553,7 | 550 | 450 |
| бидай | 2083 | 749 | 1073 | 300 | 200 | 200 |
| арпа | - | 681 | 301 | 200 | 200 | 200 |
| тары | - | 221 | - | 53,7 | 150 | 50 |
| техникалық дақылдар оның ішінде: | 102 | 53 | 5 | 5 | 1 | - |
| қант қызылшасы | 48 | 36 | - | - | - | - |
| күнбағыс | 40 | 15 | 5 | 5 | - | - |
| темекі | - | - | - | - | 1 | - |
| басқа дақылдар | - | 2 | - | - | - | - |
| картоп | 998 | 1333 | 1353 | 1111,3 | 1019,1 | 951,9 |
| көкөніс дақылдары | 1429 | 1695 | 1990 | 2008,2 | 2020,3 | 1862,8 |
| азықтық бақша | 522 | 534 | 629 | 600,7 | 671,3 | 539,2 |
| мал азықтық бақша | 7985 | 3954 | 2490 | - | 1,0 | 1,0 |
| көпжылдық шөп | 4059 | 3338 | 200 | 104 | 106 | 312,1 |
| жеміс-жидек екпелері | 390 | 318 | 138 | 187,5 | 176,5 | 96,0 |

Соңғы жылдардағы егіс алқаптарының құрылымын талдау егістіктің жалпы алқабы 1996

жылмен салыстырғанда 2001 жылы 3,2 есе қысқарғанын көрсетеді. Бұл орайда ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы алқабындағы картоп, көкөніс-бақша дақылдарының үлесі 22 ден 82 %-ға ұлғайды;

дәнді дақылдар алқаптары 4,6 есеге кеміп, 450 гектар деңгейінде тұрақтады, сондай-ақ мал азықтық дақылдар көлемі 8507 гектардан 540 гектарға дейін кеміген;

жеміс-жидек екпелер алқабының азаю үрдісі сақталуда.

**Проблемалар:**

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлығы төмендеп бара жатыр;

мал азығы дақылдарын өсірудің өзіндік құны жоғары болғандықтан оны егу тиімсіз;

көпжылдық екпе ағаштарды қалпына келтіру мен ұлғайту жөніндегі жұмыстар жеткіліксіз жүргізілуде;

коллекторлы-дренаждық жүйелердің істен шығуы;

облыс аймағында суландыру жүйесінің жоқтығы (шабындық, жайылымдық).

**Егістік алқаптар құрылымын оңтайландыру шаралары:**

пайдалы ауыл шаруашылығы дақылдар көлемін ұлғайту;

сортаң жерлерге шыдамды және өнімділігі жоғары мал азығы дақылдарын таңдап өсіруді қолға алу (түйе жоңышқа);

суландыру және дренаж жүйелерін қалпына келтіру;

халықты ерте пісетін көкөніс дақылдарымен қамтамасыз ету үшін жылыжай шаруашылықтарының аудан және қала маңдарындағы ауданын ұлғайту.

тамшылай суару озық израильдық әдісті тек қана жабық алқаптарда емес, ашық алқаптарда да пайдалану. Бұл әдіс суды, минералдық тыңайтқыштарды және улы препараттарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

жаңа жылыжайларды іске қосу арқылы жабық жерлердің көлемін ұлғайту:

"Амангелді" өндірістік кооперативі 1000 шаршы метр, Атырау қаласы;

"Еркінқала" өндірістік кооперативі 1200 шаршы метр, Атырау қаласы;

« "Жамбыл" атындағы өндірістік кооперативі 1000 шаршы метр, Атырау қаласы;

"Мұрагер"»шаруа қожалығы 1000 шаршы метр, Бөдене ауылы, Индер ауданы;

"Раушан" шаруа қожалығы 2500 шаршы метр, Алмалы ауылы, Махамбет ауданы;

жеміс ағаштар бақтарын өсіруді климаттық жағдайы қолайлы Индер, Махамбет аудандары

және Атырау қала аумағы маңында орналастыру;
Атырау облысына қолайлы және бейімделген Яндыковская, Фонаровка, Ранет Пискуда, Ранет Бурхардта, Желтое Ребристое, Память Мичурина атты алма сорттарын пайдалану;
акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтарына, бау-бақша серіктестері үшін қажетті отырғызу көшеттерін өсіру мақсатында мамандандырылған шаруашылық құру;
картоп дақылын өсіруге қолдау көрсету, лизинг негізінде техникамен қамту.

10-кесте

| **Дақылдар** | **Орташа есеппен 1999-2001 ж.ж.** | **2003 ж.** | **2004 ж.** | **2005 ж.** | **2005 жылы 1999-2001 ж.ж. салыстырғанда** |
|---|---|---|---|---|---|
| Егіс көлемі, барлығы | 4362,9 | 4326,0 | 4341,0 | 4411,0 | 101,0 |
| оның ішінде: картоп | 1027,5 | 1010,0 | 1015,0 | 1020,0 | 99,3 |
| көкөніс, барлығы | 1963,8 | 2010,0 | 2015,0 | 2020,0 | 102,9 |
| Оның ішінде: қызан | 510,6 | 520,0 | 525,0 | 530,0 | 103,9 |
| Қияр | 392,8 | 400,0 | 405,0 | 410,0 | 104,4 |
| Жуа | 294,6 | 305,0 | 310,0 | 320,0 | 108,6 |
| Көкорам | 314,2 | 330,0 | 340,0 | 350,0 | 111,4 |
| Сәбіз | 255,3 | 260,0 | 270,0 | 275,0 | 107,7 |
| Сарымсақ және басқалары | 196,3 | 195,0 | 165,0 | 135,0 | 68,8 |
| Бақша | 603,7 | 545,0 | 550,0 | 560,0 | 92,8 |
| Жүзім | 12,0 | 15,0 | 15,0 | 15,0 | 125,0 |
| Жеміс-жидек | 133,1 | 96,0 | 96,0 | 96,0 | 72,0 |
| Мал азығы дақылдары | 153,3 | 650,0 | 650,0 | 700,0 | 4,5 есе |

**Топырақтың құнарлығын көтеру шаралары:**

Облыста топырақтың құнарлығын көтеру үшін демеу қаржы төлеу есебінен сатып алынатын минералдық тыңайтқыштарды кеңінен пайдалану шаралары алынуда. Сонымен қатар мал фермаларымен келісім-шарт жасау арқылы органикалық тыңайтқыштар кеңінен пайдаланылады.

**Күтілетін нәтиже:**

бәсекелестік құрайтын егін өнімдерінің көлемін ұлғайту;
ғылыми тұрғыда дәлелденген егіс айналымдарын енгізу;
өңдеу кәсіпорындарына шикізат көлемін көбейту;
мал шаруашылығының мал азығы базасын нығайту.

**Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету. Машина-трактор паркінің жай-күйін талдау**

Трактор паркін пайдаланудың нормативтік мерзімі 7-10 жыл бола тұрса да, олардың Қазіргі орташа пайдалану мерзімі 13-14 жылға созылып отыр. Қолда бар техниканың техникалық әзірлік коэффиценті 0,7 ден аспайды және техника бірлігіне жүктеме нормативтен 1,3-1,7 есе артық.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық жарақтандырылуының қазіргі деңгейі оны тиімді дамытудың тежеуші факторы, ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп өсіру технологияларын қарапайымдандырудың, өсімдіктер зиянкестері, аурулар таралуының, топырақтағы қара шірік жоғалуының және сайып келгенде өнім сапасы төмендеуінің себепшісі болып табылады.

1993 жылдан 1999 жылға дейін ауыл шаруашылығы іс жүзінде жаңа техника алған жоқ. Соңғы 4 жылда тек 27 трактор алынды, бұл облыс бойынша осы саланы техникамен жарақтандырылуына тұтас алғанда айтарлықтай ықпал етпейді.

**Негізгі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу**

11-ші кесте

| № | жылдар Атауы | 1991 | 1992 | 1998 | 1999 | 2000 | 2001 | 2002 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тракторлар | 1689 | 22 | - | 1 | 14 | - | 12 |
| 2 | Қопсытқыштар | 19 | - | - | - | - | - | - |
| 3 | Дән сепкіштер | 115 | - | - | - | - | - | - |
| 4 | Астық жинайтын комбайндар | 44 | - | - | - | - | - | - |
| 5 | Жемшөп жинайтын комбайндар | 9 | - | - | - | - | - | - |
| 6 | Дестелегіштер | 8 | - | - | - | - | - | - |

**Қолда бар негізгі ауыл шаруашылығы техникасы**

12-ші кесте

| № | жылдар Атауы | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000 | 2001 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тракторлар | 1689 | 1700 | 1680 | 1675 | 1600 | 1580 | 1560 | 1530 | 1500 | 1450 | 1440 |
| 2 | Астық жинайтын комбайндар | 44 | 43 | 42 | 41 | 40 | 40 | 39 | 38 | 36 | 30 | 28 |

**Проблемалар:**

машина-трактор паркінің тозығы 78%-ды құрайды және толығымен ауыстыруды қажет етеді;

ұсақ және орта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің саны көп

болғанымен, олар техникасы болмағандықтан өздерінің ауыл шаруашылық жерлерін өз бетінше өңдей алмайды;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің төлем қабілетінің төмендігі және өтімді кепілге салатын мүлкінің болмауы қажетті техника сатып алуына және екінші деңгейдегі банктердің несие ресурстарын алуына мүмкіндік бермейді;

сервис орталықтары мен машина-технологиялық станциялардың техникамен және құрал-жабдықтармен толық жасақталмағандығы олар көрсететін қызметтер деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады.

**Шаралар:**

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кейіннен лизингке беру үшін отандық және шетелдік техника мен қосалқы бөлшектер сатып алуға "Агросервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны арқылы несие беру;

"Агросервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны қызметтерінің бастапқы кезеңінде мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен кейіннен мемлекеттің үлесін бәсекелес секторға сатып, сервис орталықтары мен машина-технологиялық станциялардың тиімді нысандарын құру жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеу;

техника лизингін ұйымдастыру және сервис орталықтары мен машина-технологиялық станциялардың жұмыс істеуі үшін қолайлы салық режимдерін жасау үшін лизингілік кредит мөлшерінің берешегін төлеуді облыстық бюджеттен субсидия түріндегі төлем ақылар арқылы жүргізу;

**Қаржылық қамтамасыз ету (млн. теңге)**

13-ші кесте

| **Бюджеттік бағдарламаның атауы** | **2003 ж.** | **2004 ж.** | **2005 ж.** |
|---|---|---|---|
| Лизингілік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету | 30,0 | 38,0 | 46,0 |
| Ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы техникасын мемлекеттік тіркеу | 0,2 | 0,2 | 0,25 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | **30,2** | **38,2** | **46,25** |

**Бюджеттік бағдарламаны орындалуынан күтілетін нәтижелер:**

Қолда бар машина-трактор паркін орта есеппен 10%-ға жаңарту;
ауыл шаруашылығының материалды-техникалық базасын біртіндеп жақсарту;
машина-технологиялық станциялар көрсететін қызметтерді жақсарту;
ауыл шаруашылығы дақылдарының өндірілу тиімділігін арттыру;
ауыл шаруашылығы құрылымдарының табыстарының өсуі.

**Өсімдік қорғау және карантин. Өсімдіктерді қорғау. Қазіргі жай-күйі:**

Облыстағы ауыл шаруашылығы дақылдарына, жайылымға және шабындыққа республика көлеміндегі қорек талғамайтын, аса қауіпті екі зиянкестер кездеседі - азиаттық шегіртке және итальяндық прус. Басқа жылдары саяқ шегірткелер, шалғын көбелегі, жусандық жапырақ жебірлер, көкөніс және бақша дақылдарының зиянкестері мен аурулары, сонымен қатар бірқатар арамшөптер зиян келтірді.

Шегіртке зиянкестерін қоспағанда, аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың таралуы бойынша фитосанитарлық жағдай күрделі деп бағаланады.

Фитосанитарлық жағдайдың нашарлауының негізгі себептері мыналар болып табылады:

Құнарсыз жерлер мен өңделмеген егістіктердің көбеюі;
ауыл шаруашылығы дақылдарының егіп өсіру технологиясының сақталмауы;
қорғау іс-шараларының бүкіл кешенінің орындалмауы;
бюджеттің және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі болуы.

**Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының таралуы және 1998-2002 жылдарда оларға қарсы күрес жүргізу жөніндегі мәліметтер**

14-ші кесте

| **Зиянкес-тердің атауы** | **Жылдар бойынша өңделуге тиіс және нақты өңделген алаңдар, мың га** | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1998 ж.** | | **1999 ж.** | | **2000 ж.** | | **2001 ж.** | | Таралуд 2002 жылға арналға болжамд |
| | өңдеугетиіс болған | нақты өңделгені | өңдеугетиіс болған | нақты өңделгені | өңдеугетиіс болған | нақты өңделгені | өңдеугетиіс болған | нақты өңделгені | |
| Шегіртке | 196,0 | 70,0 | 250,0 | 28,58 | 212,2 | 212,75 | 138,56 | 138,56 | 85,269 |

Облыс деңгейіндегі мемлекеттік басқару мен реттеуді, жұмысты үйлестіру мен ұйымдастыруды, облыстық аумақтық ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандық деңгейде басқарманың

тиісті аумақтық басқармалары жүзеге асырады.

Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларды анықтауға зерттеулер жүргізуді "Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорны орындайды.

Химиялық өңдеу жүргізуді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері және келісім-шарт негізінде бәсекелестік ортада өңдеу жөніндегі қызметтерді атқарушы фирмалар орындайды.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестеріне және ауруларына қарсы күрес республикалық және облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады.

**1998-2002 жылдарда өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы күресті қаржыландыру және оларға қарсы күрес жүргізу жөніндегі мәліметтер**

15-ші кесте

| Көрсеткіштер | | 1998 ж. | 199 9 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. | 2002 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаражат қажеттілігі, млн.теңге | | - | - | 36,656 | 36,0 | 36,0 |
| Бөлу көзделгені, млн.теңге | | - | - | 36,636 | 34,7 | 36,0 |
| Нақты бөлінгені, млн.теңге | | - | - | 36,656 | 32,95 | 21,0 |
| Қаржыландырылған жұмыстар, мың га. | | - | - | 49,93 | 49,76 | - |
| Шегірткелер | Зерттеу | - | - | - | - | - |
| | Пестицидтер | - | - | 25,0 | 17,24 | - |
| | Жұмысқа ақы төлеу | - | - | 10,0 | 15,71 | - |

2002 жылы аса қауіпті шегірткелерге қарсы күрес жұмыстарына республикалық бюджеттен бөлінген қаржының жеткіліктілігіне байланысты облыстық бюджеттен қаржы бөлінген жоқ.

**Проблемалар:**

республикалық және облыстық бюджеттен 2000-2002 жылдарда бөлінген қаражат көлемі тек шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жүргізуді ғана қамтамасыз етті. Бюджеттен қаржыландыру жеткіліксіз болғандықтан басқа да аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес толық көлемде жүргізілмеді, бұл фитосанитарлық жағдайдың нашарлауына әкеп соғады;

тиісті қаржыландырудың болмауынан және фитосанитарлық диагноз қою мен болжау қызметінің жүргізілмеуінен басқа да өсімдіктер зиянкестерінің ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына іс жүзінде мониторинг жүргізілмейді;

зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына жүйелі мониторинг жүргізетін құрылым жоқ;

республикамыздың жоғарғы оқу орындарында "Өсімдік қорғау" деген мамандық бойынша мамандар даярлау жүргізілмейді.

**Шаралар:**

"Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның функцияларын нақтылай отырып, барлық өсімдіктер зиянкестерімен ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуын бақылауды, есебін жүргізуді және болжауды жүзеге асыру үшін облыстарда филиалдары бар және аудандарда болжау пункттері бар республикалық фитосанитарлық диагностика әдістемелік орталығын құру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын анықтауға арналған фитосанитарлық бақылаудың объектілерін қажетті зерттеуді жүзеге асыру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі фитосанитарлық іс-шаралардың бүкіл кешенін толық көлемде жүргізу;

жоғарғы оқу орындарында, сондай-ақ шетелдердегі оқу ғылыми зерттеу мекемелерінде мамандардың біліктілігін арттыру.

**Қаржылық қамтамасыз ету**

Өсімдік қорғау саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін 2003-2005 жылдарда бюджеттен 241,647 млн. теңге, оның ішінде 64,0 млн. теңге облыстық бюджеттен қаражат бөлу.

16-ші кесте

| Шаралардың атауы | Қажетті сома, млн.теңге | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2003 ж. | | | 2004 ж. | | | 2005 ж. | |
| | барлығы | Оның ішінде | | барлығы | Оның ішінде | | барлығы | О |
| | | Респуб.бюджет | Облыстықбюджет | | Респуб.бюджет | Облыстық бюджет | | Р |
| Аса қауіпті зиянкестерді анықтауға арналған зерттеулер жүргізу | 4,7 | 2,7 | 2,0 | 4,863 | 2,863 | 2,0 | 4,863 | 2 |
| | 32,3 | 19,2 | 13,1 | 24,165 | 12,065 | 12,1 | 26,089 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру | | | | | | | | 1 |
| Пестицидтердіалуға | 23,078 | 21,178 | 1,9 | 20,588 | 13,688 | 6,9 | 34,612 | 1 |
| Пестицидтердіжеткізуге және сақтауға | 1,515 | 1,515 | - | 1,307 | 1,307 | - | 1,143 | 1 |
| Тыйым салынған пестицидтердікөмуге | 1,162 | 1,162 | - | 0,043 | 0,043 | - | 0,039 | 0 |
| **Барлығы** | **62,755** | **45,755** | **17,0** | **50,966** | **29,966** | **21,0** | **66,746** | **3** |

**Күтілетін нәтижелер:**

Бағдарламаны іске асыру өсімдік қорғау саласында төмендегі мүмкіндіктерге қол жеткізеді:

аса қауіпті зиянкестермен аурулар таралатын алаңдардың одан әрі ұлғаюын болдырмау;

аса қауіпті зиянкестермен аурулар келтіретін залалды шаруашылық тұрғысынан байқалмайтындай деңгейге дейін азайту;

облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық жағдай жасау.

**Өсімдіктер карантині. Қазіргі жай-күйі** :

Облыс өңірінде 5 карантиндік объект тараған. Тәуелсіз мемлекеттер достастығының

шекаралас елдерінде олардың саны 20-30, шектес мемлекеттер мен алыс шетелдерде олардың түрлерінің саны 100-ден асады;

әкелінетін карантинге жатқызылған объектілердің көлемі ұлғайып барады, жыл сайын әлемдегі 40-тан астам елден карантиндік объектілердің еніп кету қаупін туғызатын карантинге жатқызылған материал келіп түседі;

Қазақстанға өнім импорттайтын көптеген елдерде карантиндік жағдай шиеленісуде.

Облысымызда күрделі карантиндік ахуал қалыптасып отыр. Карантиндік объектілердің ошақтары кеңейе түсуде.

**Облыс аумағындағы карантиндік объектілердің саны мен таралатын алаңдары жөніндегі мәліметтер**

17-ші кесте

| Карантиндік арамшөптер | Алаңы, мың га. | Карантиндік зиянкестер | Алаңы, мың га. |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жатаған укекіре | 1,371 | Калифорниялық сымыр | 0,314 |
| арамшырмауық | 0,514 | Колорадтық қоңыз | 0,424 |
| | | Капр қоңызы | 1 ошақ |

Мемлекеттік басқару, реттеу, жұмысты үйлестіруді және ұйымдастыруды, облыстық (қалалық) және аудандық деңгейде Ауыл шаруашылығы министрліктің тиісті аумақтық басқармалары жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімді шекарада бастапқы тексеруден өткізуді, сондай-ақ үш километрлік аймақты зерттеуді шекара пункттеріндегі және посттарындағы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскен орнында екінші рет тексеруден өткізуді және карантиндік объектілерді анықтауды, оларды әкеткенде тексеруді және сараптауды, сондай-ақ карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингті министрліктің тиісті аумақтық басқармаларының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантиндік объектілерді анықтау үшін аумақтарға зерттеу жүргізуді, карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингті "Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының облыстық филиалы жүзеге асырады.

Облыс аумағында карантиндік объектілерге қарсы күрес шараларына облыстық бюджеттен қаржы бөлінген жоқ. Мониторинг жүргізу үшін республикалық бюджеттен 703,3 мың теңге қаралды.

Колорадтық қоңызбен күресу үшін 2001 жылы облыс бюджетінен бөлінген қаражатқа алынған пестицидтер пайдаланылуда.

**Проблемалар:**

облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармалары, сондай-ақ шекаралық фитосанитариялық пункттер мен постылар өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтырылмаған. Қосымша барлығы 26 бірлік қажет;

облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармалардың өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларының, сондай-ақ шекаралық фитосанитарлық пункттер мен постылардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы нашар;

өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарға сай әдістемелік, анықтамалық-ақпараттық әдебиетпен, карантиндік объектілер жөніндегі әдістемелермен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз,

Қазақстан Республикасының саудадағы негізгі әріптестері болып табылатын елдерде карантиндік объектілердің таралуындағы өзгерістер туралы ақпарат жоқ;

оқу мекемелерінде өсімдіктер карантині саласындағы мамандандырылған факультеттер болмауы себепті бұл сала бойынша білікті кадрлар жетіспейді.

**Шаралар:**

ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық құрылымдарын және шекара мен транспорттағы фитосанитарлық пункттері мен постыларын өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтыруды аяқтау. Олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын нығайту;

оқу орындарында, мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемелерінде және карантиндік зертханаларда өсімдіктер карантині бойынша мамандардың біліктілігін көтеру және оқыту;

бюджет қаражаты есебінен карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторинг жүргізу, оларды оқшаулау және жою.

**Қаржылық қамтамасыз ету**

Өсімдіктер карантині саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін 2003-2005 жылдарда республикалық бюджеттен 19,13 млн.теңге қаражат бөлінуі қажет.

18-ші кесте

| Іс-шаралардың атауы | Қажетті сома, млн.теңге | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | Барлығы |
| Өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларды қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Карантиндік объектілердің ошақтарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу | 5,08 | 6,3 | 7,5 | 18,83 |
| **Барлығы өсімдіктер карантині бойынша** | **5,18** | **6,4** | **7,6** | **19,13** |

**Ескерту:** Бөлінген қаражат көлемдері карантиндік объектілердің таралуына және қалыптасқан өсімдіктер карантині жағдайына байланысты нақтылануы мүмкін **.**

**Күтілетін нәтижелер:**

облыс аумағында карантиндік объектілер бойынша қолайлы фитосанитариялық жағдай жасау;

өсімдіктер карантині жүйесінің халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестігі;

өсімдіктер карантині жөніндегі халықаралық міндеттемелер мен келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

республика және облыс аумағын карантинді объектілерден қорғау жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру;

аграрлық азық-түлік қауіпсіздігін, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сыртқы рынокқа еркін шығуын қамтамасыз ету;

жаңа жұмыс орындарын құру.

**Мал шаруашылығы. Жалпы сипаттамасы**

1998 жылдан бері малмен құстың барлық түрі санының тұрақтану үрдісі байқалады. 2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы мүйізді ірі қара 4,3%-ға (оның ішінде аналығы 5,5 %-ға), қой мен түйе 4,2 %-ға өсіп, жылғы мен түйе басы 2001 жылғы деңгейде қалып отыр.

Мал шаруашылығы өнімін өндірудің қазіргі көлемі ішкі рыноктағы төлем қабілеті сұранысына сәйкес келеді. Ішкі рыноктың сыйымдылығы шектеулі және өзінің табиғи өсу қарқыны болғанымен тұрғындардың төлем қабілетіне тәуелді. Сондықтан мал шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрлері (сүт өнімдері, құс, шошқа және жылғы шаруашылығы өнімдері) ішкі рынокқа бағдарланған.

1990 жылдары барлық өндірілген сүт өнімдерінің 35,0%-ғы, еттің 61%-ғы қайта өңдеу кәсіпорындары арқылы өңделді. Қазіргі кезде өңдеу жұмыстарының деңгейі төмендеуіне

байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер сүттің 95 %-на дейін, еттің 89 %-ын алғашқы өңдеуден өткізбей ішке сатуға мәжбүр.

19-шы кесте

| **2002 жылдың басындағы, барлық нысан түрлеріндегі шаруашылықтардағы мал мен құс саны (мың бас)** | | **2001 жылғы мал шаруашылығы өнімдерінің өндірілуі(мың тонна)** | |
|---|---|---|---|
| Мүйізді ірі қара | 107,1 | ет, барлығы | 33,7 |
| оның ішінде - аналығы | 50,7 | оның ішінде сиыр еті | 16,2 |
| қой мен ешкі | 378,4 | Қой еті | 10,5 |
| Шошқа | 0,5 | шошқа еті | 0,4 |
| Жылқы | 30,2 | жылқы еті | 3,3 |
| Түйе | 21,7 | түйе еті | 3,2 |
| Құстар | 49,8 | құс еті | 0,1 |
| 2001 ж. мал шаруашылығы өнімдерінің ішкі тұтынысы: | | сүт | 34,5 |
| Ет, мың тонна | 19,6 | жұмыртқа | 0,9 |
| Сүт, мың тонна | 35,4 | жүн | 0,7 |
| Жұмыртқа, мың дана | 906,0 | қаракөл елтірісі, мың дана | 14,4 |

**Мал тұқымын асылдандыру ісі. Қазіргі жағдайы:**

20-шы кесте

| Мал түрлері | 01.01.1990 ж.жағдай бойынша | | | | | 01.01.2001 ж. жағдай бойынша | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Асылтұқымды мал шаруашылықтары саны | Барлығы мың бас | оның ішінде | | | Асылтұқымды мал шаруашылықтары саны | Барлығы мың бас | оның ішінде | |
| | | | асыл тұқымды мал мың бас | о.і.аналығы мың бас | асыл тұқымды малдық үлес салмағы % | | | асылтұқымды мал мың бас | о. ан мың бас |
| МІҚ | 1 | 137,1 | 0,4 | 0,3 | 0,29 | - | 101,3 | - | - |
| Қой | 11 | 1344,3 | 120,5 | 110,2 | 1,0 | 6 | 362,3 | 54,1 | 37 |
| Шошқа | - | 4,3 | - | - | - | - | 0,5 | - | - |
| Жылқы | 3 | 75,3 | 0,6 | 0,7 | 0,8 | 1 | 30,4 | 0,5 | 0,5 |
| Түйе | 3 | 25,9 | 0,9 | 0,6 | 3,4 | 2 | 20,9 | 0,7 | 0,4 |
| Барлығы | 18 | | | | | 9 | | | |

Саланы дамытудың 2002-2005 жылдардағы тапсырмасы мен басым бағыттарында, мал басы санын тұрақтандыра отырып, әрі қарай олардың басын көбейту, өнімділік қасиетін арттыру

қаралған. Бұл жерде облыстағы мал шаруашылығының негізін қой шаруашылығы құрайды. Алайда бұл сала қазіргі таңда трансформация кезеңі салдарын сезінуде және болашақта өз дамуына аса назар аударуды қажет етеді.

Сондықтан болашақта жалпы мал басын өсіру және мал шаруашылығы өнімдерін ұлғайту, оның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз етуге міндетті түрде баламалы шаралар қабылдау керек.

Облыста, нарық экономикасы жағдайында, әр түрлі нұсқалармен шаруашылық етуді енгізу, асыл тұқымды мал басын көбейту, олардың гендік қорын сақтау, сапалы мал өнімдерін өндіру мен санының ұлғаюының негізі болады.

Қазіргі кезде, барлық мал бастарының, ірі қараның 98 %-ы, қой мен ешкінің 77%-ы, жылқының 88,8%-ы, түйенің 88,7 %-ы шаруа қожалықтары мен жеке адамдардың меншігінде. Олар еттің 98,1%-ын, сүттің 97,2 %-ын өндіреді.

Облыстық қазіргі таңдағы мал шаруашылығы саласын талдағанда, жоспарлы экономикадан нарыққа өтпелі кезеңі, базарды ырықтандыруда шаруашылықтардың дербес айналым қорлары болмауы мал шаруашылығында мал бастарының жаппай азаюына әкеліп соқты. Бұндай тез құлдыраулар 1994 пен 1998 жылдар аралығында болды. Көпшілік асыл тұқымды мал шаруашылықтары жаңа нарық жағдайына бейімделе алмай, өздерінің маңызын жойып алды. 1991 жылы облыста 11 асыл тұқымды қой шаруашылығы болса, қазір олардың 7-і қалды. Нәтижесінде 2002 жылдың 1 қаңтарында асыл тұқымды мал басы 1994 жылдарға қарағанда, қой 66 %-ға, жылқы 81 %-ға азайған. Өндірістің ұлғаю негізі - аналық мал басының: қойда 69 %-ға, жылқыда 81 %-ға дейін тез құлдырауын ерекше атап өтуге болады.

Бірақ, осыған қарамай, соңғы жылдары қабылданған қаржылай сауықтыру шаралары және зоотехникалық-селекциялық жұмыстар нәтижесінде асыл тұқымды мал

шаруашылықтарында жағдай біршама тұрақтанды.

2002 жылдың 1 қаңтарында облыстағы 10 асыл тұқымды мал басы ядросының негізі болатын шаруашылықтар мен фермаларда 59198 бас қой, 721 түйе және 398 жылқы малдары бар.

Бүгінгі күннің басты мақсаты - қолда бар асыл тұқымды мал тектік қорын сақтай отырып, мал шаруашылығындағы асыл тектік базаны әрі қарай нығайту жөніндегі шараларды алу, мал тұқымдарының жаңа линияларын шығару мен қазіргі тұқымдарын одан әрі жетілдіру мақсатына бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру.

"Облыстың 2002-2005 жылдарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту тұжырымдамалық бағдарламасы" асыл тұқымды мал санының үлес салмағы жалпы барлық мал басына шаққанда қой шаруашылығында 8%, түйеде 6% құрайтын болады.

Облыста асылдандыру істерін жақсарту жөнінде біршама жұмыстар атқарылуда:

Атап айтқанда, Махамбет ауданының "1 май" акционерлік қоғамында қазақтың асыл тұқымды айыр түйе (бактриан) фермасы, Құрманғазы ауданының "Құрманғазы" өндірістік кооперативінде қазақтың құйрықты, қылшық жүнді асыл тұқымды қой фермасы құрылды.

Индер ауданы "Есбол" акционерлік қоғамының елтірілік жакет тұрпатты, қара түсті қаракөл қойынан, Қызылқоға ауданы "Асыл" акционерлік қоғамының аспан реңді көк түсті қаракөл қойынан, "Жасқайрат" акционерлік қоғамының "Атыраулық елтірілі-етті-майлы" қой тұқымынан асыл тұқымды зауыттық статусы бар.

1. қылшық жүнді қой шаруашылығымен айналысатын, асыл тұқымды "Құрманғазы" өндірістік кооперативінде, жүнді ағарту және қазақтың құйрықты қойының өнімділік қасиетін жетілдіруде, 2100 бас, саулықтарының тірілей салмағы 65-70 кг болатын, ақ немесе ашық-сұр түсті 1,6-1,8 кг жүн беретін отар құру мақсатында асылдандыру-сұрыптау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

2. қаракөл қойы шаруашылықтарында тектік қорын (генофонд) сақтау, дамыту және

пайдалану, жоғары өнімді зауыттық тұрпаттарды, линияларды, қаракөл қойының жинақтама отарларын теориялық және тәжірибелік амалдар құрудың және "Атыраулық елтірілі-етті-майлы" қой тұқымының әр түсті және реңді, әр түрлі елтірі типтерін шығарудың тиімді әдістері қалыптастырылуда, оның ішінде:

Индер ауданы "Есбол" акционерлік қоғамындағы бұйрасы ұзын, жакет тұрпатты, қара түсті зауыт тұрпатындағы қаракөл қойларының тұқымдық және өнімділік қасиеттерін одан әрі жетілдіру;

Қызылқоға ауданы "Асыл" акционерлік қоғамындағы аспан реңді, көк түсті қаракөл қойларының тұқымдық және өнімділік қасиеттерін одан әрі жетілдіру және інжу реңді жаңа зауыттық тұрпат шығару;

Қызылқоға ауданы "Тасшағыл" өндірістік кооперативінде аспан реңді көк түсті қаракөл қойының зауыттық тұрпатын шығару;

Қызылқоға ауданы "Сағыз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі сұр түсті және Жылыой ауданы "Жаңа-Таң" акционерлік қоғамындағы қара түсті қаракөл қойларын, "Атыраулық елтірілі-етті-майлы" қой тұқымымен шағылыстырғандағы селекциялық-тектік және өнім беру ерекшеліктерін зерделеу жөніндегі селекциялық-асылдандыру жұмыстары.

3. Жылқы, түйе және сүтті ірі қара шаруашылықтарында Махамбет ауданының "1 Май" акционерлік қоғамында, Жылыой ауданының "Жаңа Таң" акционерлік қоғамында төмендегідей селекциялық-асылдандыру жұмыстары жүргізілуде:

Мұғалжар жылқы тұқымының жоғары өнімді Ембі тұрпатын шығару;

сүтті сиыр табынының өсімтал төлін өсірудің ғылыми дәлелденген технологиясын дайындау;

қазақтың асыл текті айыр түйе (бактриан) тұқымды түйелерін көбейту, өнімнің еттілігін және сүттілігін көтеру, жоғары өнімді қазақы айыр (бактриан) және аруана (дромедар)

түйе келілерін құру ("Жаңа Таң" акционерлік қоғамы, "Жарсуат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

Облыс мал шаруашылығының қазіргі кездегі жағдайы, қолда бар мал тұқымдарының бәсекеге қабілеттілігін, табиғи-климаттық жағдайға қарай таралу ареалы, мал шаруашылығы өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың, өндірілімдік бағыттарын есепке ала отырып, мынадай басым бағыттарды айқындайды:

1) қой шаруашылығы асыл тұқымдық базасын нығайту және саланы мемлекеттік қолдау;

2) түйе шаруашылығын дамыту, шұбат өндірудің озық технологияларын енгізу;

3) тиісті мал дәрігерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және желісін құру;

4) мал шаруашылығын дәйекті жем-шөп базасымен қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған мал шаруашылығы саласы басым бағыттарын, олардың аймақтық мамандандырылуы мен тұқымдық орналасуы ерекшеліктерін ескере отыра, жүзеге асыратын басты шараларының бірі - асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау болып табылады.

Бұл бағытта, соңғы 3 жылда республикалық "Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстағы аттестацияланған асыл тұқымды мал шаруашылықтарына Ауыл шаруашылығы Министрлігінің бекітуімен олардың енгізілген квота шеңберінде өткізілген асыл тұқымды төліне ішінара арзандатуға қайтарымсыз субсидия беру жүзеге асырылып отыр.

2001 жылы облыстағы асыл тұқымды қой шаруашылықтары өткізген немесе сатқан асыл тұқымды төлдеріне республикалық бюджеттен 11,3 млн. теңге субсидия алды.

Бірақ, облыстағы асыл тұқымды қой шаруашылықтарына географиялық орналасуы мен қатал табиғи-климаттық жағдайының қиындығына орай кететін едәуір шығындарға, айналым қаржысының жетпеуіне байланысты малдарды төлем ақыға пайдалану жағдайында (негізінен жанар-жағар май

мен еңбек ақы), қазіргі таңдағы жүйе мен қаржылай көмек көлемінде аналық мал басын сақтау және мал басын көбейтуді қамтамасыз ету іске асырылмайтын шаралардың бірі болып табылады.

Аналық малдардың тұқымдық қасиетін жоғарылата отырып, асыл тұқымды қой отарларының ұдайы өндірісін және генетикалық құндылықтарын жақсарту үшін, облыстық қолдауымен, 2003 жылдан бастап, жергілікті деңгейде, өнім беретін аналық мал бастарын бағу үшін, субсидиялау жөніндегі бірыңғай бюджетпен жіктелген, жаңа бюджеттік бағдарлама енгізілді және бұл бағдарлама бойынша 1 бас еділбай қойы үшін 619 теңге, 1 бас қаракөл қойы үшін 905 теңгені өтеусіз төлем күйінде беру көзделіп отыр.

Жоғарғы топты асыл тұқымды қойдың аналық бастарын ұстауға, облыстық бюджеттен субсидия түрінде бөлінген 25,0-26,0 млн.теңге, 2002-2005 жылдар аралығында асыл тұқымды мал санын, жыл сайын, орташа 4 %-ға өсіруге мүмкіндік туғызады.

Облыста шаруашылықтардағы малдардың тұқымдық және өнім сапасын жақсарту үшін құрамында белогы жоғары азықтық дақылдар (жоңышқа, түйе жоңышқа, құмай т.б.) егу, табиғи жайылымдарды қуаңшылық жерде өсетін жабайы өсімдіктерді егу арқылы түбірімен өзгерту және топырақ бөлінуін тоқтату шаралары қабылданады.

Бұл шаралар жыл сайын 400-450 тонна ірі сабақты және 100 тонна балауса шөп ( егілген өсімдіктерден) дайындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мал шаруашылығының азық базасын құрама жем есебінен нығайту Қызылқоға ауданындағы дәнді дақылдардың егіс алаңын көбейту және шекаралас жатқан Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының жерлерін жалға алу есебімен қамтамасыз етіледі.

2001 жылы Құрманғазы ауданы "Сүйіндік" ашық акционерлік қоғамының, селекциялық-асылдандыру жұмыстары нәтижесінде еділбай қой тұқымының жаңа "Сүйіндік

зауыттық тұрпаты" шығарылды. Еділбай қой тұқымын өсірумен "Сүйіндік" акционерлік қоғамынан басқа, Құрманғазы ауданының екі шаруашылығы: "Мақаш" және "Ақжонас" өндірістік кооперативтері айналысады.

Облыстық қаракөл қойы шаруашылығында тұқым сапасы анықталған және зауыттық тұрпат болып беркіген Индер ауданының "Есбол" ашық акционерлік қоғамындағы қара қаракөл қойларының, Қызылқоға ауданындағы "Асыл" акционерлік қоғамында сұр қаракөл қойларының генотипін сақтау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Қызылқоға ауданының "Тасшағыл" өндірістік кооперативінде, Жылыой ауданының "Жаңа Таң" акционерлік қоғамы еншілес шаруашылықтарында асыл текті база қалыптастыру жөніндегі жұмыстары жүргізілуде.

Селекциялық-асылдандыру жұмыстары 1998 жылы жаңадан шығарылған "Атыраулық елтірілі-етті-майлы" қой тұқымының әрі қарай тектік қорын сақтауға бағытталады, сонымен қатар, Қызылқоға ауданындағы мамандандырылған шаруашылық "Жасқайрат" акционерлік қоғамда және басқа да шаруашылықтарда оларды өсіру және көбейту шаралары алынатын болады.

Қаракөл терілерінің сирек кездесетін реңдерінің (платина, бронза, янтарь) сапасын жақсартуда және қаракөл қойларының етті-майлы өнімдерін арттыруда селекциялық жұмыстары жалғаса береді.

Атырау облысының жағдайында, мал шаруашылығының пайдалы салаларының бірі - **түйе шаруашылығы.**

2002-2005 жылдар аралығы кезеңінде түйе шаруашылығында, оның ішінде ұйымдастырылып жатырған асыл тұқымды фермаларда олардың басын өсіру және өнімділігін көтеру, шұбат өндірісі көлемін ұлғайту қаралып отыр.

Селекциялық-асылдандыру жұмыстарының негізгі бағыттары - қазақ айыр түйе (бактриан) тұқымының өнім сапасын жақсарту болып қалады.

Түйе сүтін өндіруге әлемдік стандарт талабына сай қазіргі заманғы озық технологиялар енгізіледі. Бұл жұмыстар, негізінен, Жылыой ауданының "Жаңа Таң" акционерлік қоғамында және Махамбет ауданының "1 Май" акционерлік қоғамдарында жүргізілетін болады.

**Жылқы шаруашылығындағы** селекциялау-асылдандыру жұмыстарының басты бағыттары қазақтың жергілікті "Жабы" тұқымды, сондай-ақ таза қанды Адай, Мұғалжар, Көшім жылқыларының өнімділік қасиеттерін одан әрі жетілдіру және жақсарту болып қалады.

**Сүтті мал шаруашылығында** , 2004 жылға қарай Махамбет ауданының "1 Май" акционерлік қоғамы базасында сауын сүттің орташа жылдық өнімін бір сиырдан 2100 литрге жеткізу есебімен аса пайдалы өнімді асыл текті ферма құру қарастырылып отыр.

**Проблемалар:**

бағалы тектік қорларының, әсіресе келешектегі селекциядағы жұмысқа қажетті сирек кездесетін және саны аз тұқымдардың жойылып кету қаупінің төнуі ғалымдар мен практиктердің көп жылдық еңбегімен жасалған малдың отандық тұқымдары мен тұрпаттарының нашарлауына әкеп соғады;

табынды өз төлінен өсіруде 95%-ға дейін тегі мен өнімділік сапасы белгісіз "Қолтума" малдардың пайдаланылуы, малдың тұқымдылығының нашарлауына, сондай-ақ өнімділігі 2 есе және одан да көпке азаюына, сөйтіп, тиісінше алынатын өнімнің өзіндік құнының қымбаттауына әкеліп соғады;

мал шаруашылығындағы мал тұқымын асылдандыру ісін қаржылай қолдау көлемінің аз болуы, мал топтарын жасы мен жынысы бойынша есепке ала отырып, асылдандыру ісін субсидиялаудың анық тетіктерінің болмауы, малдардың құнды тектік қорын сақтау және молайту саласындағы қиын жағдайды түзете алмайды.

**Шаралар:**

асыл тұқымды өнім өндіру көп шығынды талап етеді. Ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілердің басым бөлігінің асыл тұқымдық өнімге қол жеткізуін мемлекет қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін төмендегі бағыттарды субсидиялау қажет:

өткізілген асыл тұқымды төлді жартылай (50%-ға дейін) арзандату;

өткізілген асыл тұқымды бұқаның ұрығын жартылай (50%-ға дейін) арзандату;

асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға және өсіруге, сондай-ақ олардың ұрықтарын сақтауға және арнайы құрал-жабдық сатып алуға жұмсалған шығынды толық өтеу;

сүт өндірісін субсидиялау облыстық бюджеттен қаралады.

**Қаржылық қамтамасыз ету,** млн.теңге

21-ші кесте

| **Бюджеттік бағдарламаның атауы** | **Жылдар** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2002 жылы нақты бөлінгені, мың теңге** | **Қажеттілік** | | |
| | | **2003 ж.** | **2004 ж.** | **2005 ж.** |
| Элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды малды сақтау және дамыту: | | | | |
| өткізілетін асыл тұқымды төлдердің құнын арзандату | 33183,5 | 37800,0 | 42750,0 | 42750,0 |
| өткізілетін асыл тұқымды бұқаның ұрығының құнын арзандату | 840,0 | 1200,0 | 1500,0 | 1800,0 |
| **Барлығы:** | **34023,5** | **39000,0** | **44250,0** | **44550,0** |

**Күтілетін нәтиже:**

Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны түседі және өнімділігі үнемі арта отыра, өндірістің жоғары пайдалылығы;

Атыраулық елтірілі-етті-майлы және еділбай қойлары тұқымдарының тектік базасын дамыту мәселелері шешіліп, өндірістің жалпы пайдалылығын 4-5%-ға ұлғайта отыра, жас төлдердің тірілей салмағын 5-7%-ға, жүн қырқымды 2%-ға ұлғайтуға мүмкіндік туады;

Сыртқы және ішкі нарықта, мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығы, өнімдерінің сапасы жақсарып, бәсекеге қабілеттілігі күшейеді;

Қаракөл терілерінің сирек кездесетін реңдерінің өнімі ұлғайып, сапасы жақсарып, оларды өңдеуде озық технологиялар пайдалану, терілерді өткізу рыноктарының кеңеюіне және жеңіл өнеркәсіпті жоғары сапалы шикізатпен қамтуға мүмкіндік береді;

Генетикалық потенциалы жақсарып және тектік ядро саны артады, әсіресе мал

шаруашылығының жетекші саласы қой шаруашылығында;

Асыл тұқымды шаруашылықтарды нығайту және дамыту арқылы жоғары пайдалы ауыл шаруашылығы өндірістерін кеңейту - ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туғызады;

2002-2005 жылдарға болжағанда, орташа жыл сайын асыл тұқымды мал басының саны 4%-ға өскенде, қосымша 66 жұмыс орындары ашылады;

2002-2005 жылдар аралығында жыл сайын жеке аулалардың сиырларын 10-15%-ын қолдан ұрықтандыру жолымен (асыл тұқымды бұқалардың ұрықтарымен қамти отыра), олардың сүттілігін 20-25%-ға көтеру - ауыл адамдарының кірістеріне едәуір әсерін тигізеді;

Малдың барлық түрлерінің асыл тұқымды төлінің 50%-ға дейін, бұқа ұрықтарының 40%-ға дейін арзандатылған өзіндік құны бойынша асыл тұқымдық өнімге қол жеткізуді қамтамасыз ету - асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізудің көлемін 2006 жылы 1,5 есе көбейтуге мүмкіндік береді;

Тұқым жақсартқыш, өнімділігі жоғары бұқалардың ұрықтарын мұздатып қатыратын, сақтайтын және пайдаланатын дистрибьютерлік орталықтар құрылады.

**Мал шаруашылығын дамыту. Шаралар:**

**1. Сүт өндіру жөнінде:**

Облыс жағдайында мүйізді ірі қара малын өсіру, олардың тұқымдық қасиетін және өнімділік сапасын жақсарту көкейкесті мәселе күйінде болып тұр. Алайда, малдарды азықтандырудың нашар жем-шөп базасынан және азық-түлік мөлшерінің жеткіліксіздігінен шаруашылықтардағы сүт сауу деңгейі өте төмен. Сиырларды асыл тұқымды бұқалардың ұрықтарымен қолдан ұрықтандырғанмен, бір бас сиырдан жылдық сүт сауу деңгейі 1200-1300 кг-нан аспай отыр.

Қала мен аудан орталықтарының маңайындағы аймақтарда сүт өндіру сауын табындарының өнімін көтеруге бағдарланады. Осы мақсатта мал тұқымын асылдандыру орталығының тұқым

жақсартқыш бұқасының ұрығымен сиырларды қолдан ұрықтандыруды кеңінен енгізу арқылы асыл тұқымды емес малдарды жоғары өнімді малға айналдыру шаралары жүзеге асырылады.

2003-2005 жылдары облыста (Индер, Махамбет аудандары) әрқайсысында 200 бастан 3 қосымша сүтті-тауарлы фермалары ұйымдастырылады.

**2. Сиыр етін өндіру бойынша:**

Сиыр етін өндіруді аз шығынды технологияға бағдарлау яғни ішкі және сыртқы нарықтың сыйымдылығын ескеріп, малдың арнайы ет тұқымдарын және табиғи жайылым алқаптарының экологиялық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.

**3. Қой шаруашылығы бойынша:**

Қойдың арнайы майлы-етті және қаракөл тұқымдарын өсіру. Етті-майлы қой шаруашылығы тірі күйінде экспортқа бағдарланған болуы керек, қаракөл шаруашылығында қаракөл терілерін тиімді өткізу нарығын іздестіру.

**4. Жылқы шаруашылығы бойынша:**

Арнайы жылқы тұқымдарының отандық селекциялары мен жайылымдық алқаптарды пайдалануды ескеріп, ішкі нарықтық ет пен қымызды тұтынушылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ асыл тұқымды спорттық жылқы шаруашылығын дамытуға бағыттау.

**5. Түйе шаруашылығы бойынша:**

Бұл малдың өнімдерін өндіруге (ет, шұбат, жүн) сұраныстың шектеулі болуына байланысты, ең алдымен ішкі және сыртқы нарыққа және асыл тұқымды түйе шаруашылығын дамытуға бағыттау.

Жалпы мал шаруашылығында ауыл шаруашылығы субъектілерін қаржылай қолдауды ұлғайту есебінен орта және ірі тауарлы шаруашылықтарды дамыту жұмыстары жүргізіледі.

**6. Құс шаруашылығы бойынша:**

Құс еті мен жұмыртқа өндіруде ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандыруға және импортты ығыстыруға бағыттау. Бұл саланы дамыту үшін "Dutch Chicken" базасында жұмыртқа

бағытындағы құстың тұқымын асылдандыру базасын кеңейту жұмыстарын жалғастыру және бройлерлық құс шаруашылығын дамыту.

**Күтілетін нәтиже**

**Мал басы мен құс санының 2002-2005 жылдарға болжамы** мың бас, жыл аяғында

22-ші кесте

| | Нақты | | Бағалау 2002 | Болжам | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2000 | 2001 | | 2003 | 2004 | 2005 | 2005ж.-2000ж. % есебімен |
| Мүйізді ірі қара | 101,3 | 107,1 | 107,9 | 108,3 | 109,3 | 112,2 | 111 |
| оның ішінде: сиырлар | 49,1 | 50,7 | 62,6 | 63,9 | 64,5 | 66,2 | 135 |
| қой мен ешкі | 362,3 | 378,4 | 380,0 | 387,1 | 399,3 | 423,9 | 117 |
| Шошқа | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,6 | 1,2 | 2,0 | 4 есе |
| Жылқы | 30,4 | 30,2 | 30,5 | 31,8 | 33,7 | 35,8 | 118 |
| Түйе | 20,9 | 21,7 | 22,0 | 22,5 | 22,8 | 23,2 | 111 |
| Құс | 24,2 | 49,8 | 53,6 | 63,6 | 73,2 | 82,3 | 3,4 есе |

**2000-2005 жылдарда ет, сүт, жүн және тері шикізатын өндіру** (мың тонна)

23-ші кесте

| **Өндіріс** | **Нақты** | | **Бағалау 2002** | **Болжам** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2000** | **2001** | | **2003** | **2004** | **2005** |
| Ет, барлығы (сойыс салмағы) мың тонна | 19,3 | 19,6 | 19,7 | 19,9 | 20,2 | 20,7 |
| Сүт, барлығы, мың тонна | 34,5 | 35,4 | 35,5 | 35,6 | 36,8 | 37,8 |
| Жұмыртқа, мың дана | 861,0 | 906,0 | 8000,0 | 9554,0 | 10991,0 | 12356,0 |
| Жүн, мың тонна | 0,8 | 0,8 | 0,9 | 0,9 | 0,9 | 0,9 |
| Тері шикізаты: ірі, мың дана | 37,6 | 42,5 | 68,7 | 69,9 | 73,0 | 72,7 |
| Тері шикізаты:±ұсақ, мың дана | 220,5 | 281,3 | 291,7 | 298,1 | 306,5 | 315,0 |

Өнім өндіру 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2005 жылы мал табыны санының өсімі, өз төлінен өсіруді жақсарту және сақтау есебінен ұлғайтылады: ет бойынша 5,0 %-ға (20,7 және 19,6 мың тонна) сүт бойынша 7,0 %-ға (37,8 және 35,4 мың тонна) жұмыртқа бойынша 13,6 есе (12356,0 және 906,0 мың дана) жүн бойынша 13,0 %-ға (0,9 және 0,8 мың тонна) ірі тері шикізаты бойынша 7,0 %-ға (72,7 және 68,1 мың дана) ұсақ тері шикізаты бойынша 12,0 %-ға (315,0 және 281,3 мың дана).

**2003-2005 жылдары орта және ірі тауарлы өндірістердің даму келешегі**

24-ші кесте

| | 2001 ж. нақты | | 2002 ж. бағалау | | Болжам | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2003 ж. | | 2004 ж. | | 2005 ж. | |
| | саны | мың бас | саны | мың бас | саны | мың бас | саны | мың бас | саны | мың бас |
| Мүйізді ірі қара, барлығы | 4 | 2,3 | 4 | 2,4 | 4 | 2,5 | 5 | 2,7 | 6 | 2,9 |
| оның ішінде: сүт өндіру | 1 | 0,4 | 1 | 0,5 | 1 | 0,6 | 2 | 0,7 | 2 | 0,8 |
| ет өндіру | 3 | 1,9 | 3 | 1,9 | 3 | 1,9 | 3 | 2,0 | 4 | 2,1 |
| қой шаруашылығы, барлығы | 12 | 104,7 | 13 | 105,4 | 14 | 108,6 | 15 | 109,8 | 17 | 110,1 |
| оның ішінде: ет өндіру | 7 | 65,2 | 8 | 65,6 | 9 | 68,4 | 10 | 69,5 | 11 | 69,6 |
| жүн өндіру | 7 | 65,2 | 9 | 65,6 | 9 | 68,4 | 10 | 69,5 | 11 | 69,6 |
| қаракөл терілерін өндіру | 5 | 39,5 | 5 | 39,8 | 5 | 40,1 | 5 | 40,3 | 5 | 40,5 |
| Жылқы шаруашылығы | 6 | 3,8 | 6 | 4,1 | 6 | 4,2 | 6 | 4,3 | 6 | 4,4 |
| оның ішінде: ет өндіру | 6 | 3,8 | 6 | 4,1 | 6 | 4,2 | 6 | 4,3 | 6 | 4,4 |
| Түйе шаруашылығы | 5 | 2,5 | 6 | 2,7 | 7 | 2,9 | 7 | 3,0 | 8 | 3,3 |
| оның ішінде: шұбат өндіру | 5 | 2,5 | 6 | 2,7 | 7 | 2,9 | 7 | 3,0 | 8 | 3,3 |
| құс шаруашылығы | - | - | 1 | 25,4 | 1 | 25,8 | 1 | 26,0 | 1 | 26,2 |
| оның ішінде: ет бағытында | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| жұмыртқа бағытында | - | - | 1 | 25,4 | 1 | 25,8 | 1 | 26,0 | 1 | 26,2 |
| **Өндіріс, мың тонна** | | | | | | | | | | |
| Ет | | 0,9 | | 0,9 | | 1,0 | | 1,1 | | 1,2 |
| Сүт | | 0,6 | | 0,8 | | 0,9 | | 1,3 | | 1,5 |
| Шұбат | | 0,2 | | 0,2 | | 0,3 | | 0,4 | | 0,5 |
| Жүн | | 0,3 | | 0,4 | | 0,5 | | 0,5 | | 0,6 |
| Жұмыртқа (млн.дана) | | 0 | | 5,0 | | 7,5 | | 8,0 | | 8,1 |

Жоғары өнімді асыл тұқымды малдардың тектік қорын сақтауға, барлық мал бастарын ұдайы өсіруге арналған жергілікті бюджеттен қаржылай қамту бағдарламасында, 2003-2005 жылдары қолдан ұрықтандыру пункттерін құруға, 19,0 млн. теңге қаралды. Бұл жылдары қосымша 13 қолдан ұрықтандыру пункттері құрылады, оның ішінде 2003 жылы 4, 2004 жылы 5 және 2005 жылы 4 пункт.

**Қосымша жұмыс орындарын құру (бірлік)**

25-ші кесте

| Бағыты | Жұмыс орындары құрылады | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | Барлығы |
| Сүтті мүйізді ірі қара | 3 | 3 | 4 | 10 |
| Етті мүйізді ірі қара | 8 | 7 | 10 | 25 |
| Қой шаруашылығы | 60 | 45 | 55 | 160 |
| Жылқы шаруашылығы | 7 | 5 | 8 | 20 |
| Құс шаруашылығы | 10 | 2 | 35 | 65 |
| Басқа салалар | 5 | 5 | 5 | 15 |
| Қолдан ұрықтандыру пункттері | 5 | 10 | 10 | 25 |
| Дайындау пункттері | 3 | 3 | 4 | 10 |
| Барлығы | 101 | 98 | 131 | 330 |

**Қосымша жұмыс орындары** :

сүтті мүйізді ірі қарада сүтті-тауарлы фермаларды қалпына келтіру және жаңа құрылыс салу есебінен;

етті мүйізді ірі қарада, қой шаруашылығында, жылқы шаруашылығында, шошқа шаруашылығында және басқа да салаларда табынды өз төлінен көптеп өсірудің және мал басын көбейтудің есебінен;

құс шаруашылығында жұмыс істеп тұрған құс фабрикаларын кеңейтіп және құстың санын арттыру есебінен ашылатын болады.

## 3. 6. Ветеринария. Ағымдағы жай-күйі

Атырау облысында мал мен құстың жұқпалы ауруларының 33-тен астам түрлері ұшырасады, соның ішінде 11-і адам мен мал үшін ортақ аса қауіпті ауру түрлеріне жатады. 2002 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен 14 ауру бойынша алдын алу шараларын жүргізу және 15 аурудың диагостикасын зерттеу жұмыстарына қаражат бөлінді. Жұқпалы емес және паразитті аурулардың алдын алу шаралары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырады. Облыста жыл сайын тұрақты табиғи ошақ көзі құтыру ауруы тіркеледі. Қызылқоға ауданында бруцеллез бойынша қолайсыз 2 пункт бар. Қолда бар мал басының 90 %-ы жеке меншік үй шаруашылығында, қалғаны

ауыл шаруашылығы құрылымдарында. Ауыл шаруашылығының мал басын алдын-ала вакциналармен егу мақсатында, ветеринариялық биологиялық препараттарды қолдану жергілікті жерлерде бәсекелес ортаға беру арқылы және лицензиялы ветеринар дәрігерлермен жүзеге асады. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың ұйымдық құрылымы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, аудандық, қалалық аумақтық басқармаларының ветеринариялық қадағалау бөлімдері болып табылады, мұнда штат бойынша 86 инспектор болу керек, қазір 72-сі ж±мыс жасайды. Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық бақылауды 30 ветеринария маманы, 6 шекаралық ветеринариялық-фитосанитариялық пункттер мен постыларда жүзеге асырады.

**Проблемалар:**

Ветеринариялық қызмет көрсетудің бәсекелестік секторы нашар дамыған. Облыс бойынша шамамен шартты түрде 180,0 мың бас мал бар, оларға қызмет көрсету үшін нормативтер бойынша 276 ветеринария маманы қажет, сонда әрбір ветеринария маманына шартты түрде 650 бас мал жүктелмек. Алайда қазіргі уақытта мал шаруашылығына өндірістік ветеринариялық қызмет көрсетумен лицензиясы бар 91 ветеринария маманы айналысады. Антибиотиктер, антипаразитарлық және дезинфекциялық, фармакологиялық құралдармен қамтитын ветеринариялық дәріханалар мен мекеменің болмауынан, олардың көпшілігін мал иелерінің өздері алады. Ветеринариялық зертханалардың техникалық жарақтандырылуы, санитарлық-техникалық жағдайы халықаралық талапқа толықтай сай келмейді. Шекарадағы ветеринариялық бақылау пункттері мен постылары қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен қамтылмаған.

**Шаралар:**

Жоспарланған ветеринариялық-алдын алу, эпизоотияға қарсы және ветеринариялық - диагностикалық іс-шараларды толық көлемінде жүргізу үшін:

бұл мақсатқа уақытылы қаржы бөлу;

негізгі керекті ветеринариялық препараттармен, дезинфекциялық құралдармен өз уақытылы және толықтай қамтуға ветеринариялық дәріханалар желісін дамыту;

ветеринарлық инспекторлар санын (әрбір ауылдық округте бір ветеринар маман есебінен және сол мамандардың еңбек ақысын көбейту жолын қарастыра отырып (орта буын санатын жоғарылату) республикалық бюджет есебінен жеткізу;

арнайы белгіленбеген орындарда мал союға тыйым салатын заңнамалық норма енгізу арқылы мал союдың ұйымдастырылуын тәртіпке келтіру;

ауыл шаруашылығы малдарын 80%-ға жұқпалы ауруларға қарсы міндетті егуден (иммунизация) өткізу және барлық мал бастарын аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы диагностикалық зерттеу;

ветеринариялық-фитосанитариялық постылар мен бекеттерді өздерінің қызметін мемлекеттік шекарада жүзеге асыратын мемлекеттік басқа бақылаушы органдармен бірыңғай кешенді терминалдарда орналастыру туралы мәселені түбегейлі шешу және оларды байланыс құралдарымен, іс ұйымдастыру техникасымен, көлікпен және құрал-жабдықпен қамтамасыз ету;

ветеринариялық зертхананы техникалық жарақтандыру үшін 8000,0 мың теңге сомасына, Дүниежүзілік Сауда ұйымының талаптарына сәйкес келетін қазіргі заманғы құрал-жабдықтар мен аппаратуралар сатып алу;

Дүниежүзілік Сауда ұйымының талаптарына сай болу мақсатында, отандық ветеринариялық нормалар мен стандарттарды халықаралық ветеринариялық нормативтермен сәйкестендіру.

## Қаржылық қамтамасыз ету

**"Ветеринариялық қызмет көрсету" бағдарламасын қаржыландырудың 2003-2005 жылдарға арналған көлемінің болжамы (мың теңге)**

26-шы кесте

| Бюджеттік бағдарламалардың атауы | Жылдар | | |
|---|---|---|---|
| | 2003 ж . | 2004 ж . | 2005 ж . |
| Эпизоотияға қарсы күрес | 23911,8 | 30349,4 | 43632,8 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ветеринариялық препараттар түрінде | 7811,9 | 12025,4 | 21007,8 |
| ветеринарлық препараттарды пайдалануға | 16099,9 | 18324,0 | 22625,0 |
| **Ветеринария бойынша барлығы** | **23911,8** | **30349,4** | **43632,8** |

**Ескерту** : эпизооттық жағдайларға, мал басының нақты санына, мал ауруларынан қ о л а й с ы з
пункттер санына қарай жұмыс көлемі мен оларды қаржыландыру сомалары өзгеруі мүмкін.

**Облыстық ветеринариялық зертханаларды техникалық қайта жарақтандыру бойынша шығыстардың қажеттілігі** (мың теңге)

27-ші кесте

| **Іс-шараның атауы** | **2003 ж .** | **2004 ж .** | **2005 ж .** |
|---|---|---|---|
| Облыстық ветеринариялық зертхананы техникалық жарақтандыру | 8000,0 | 8000,0 | 8000,0 |

**Күтілетін нәтижелер:**

малдар мен құстарды аса қауіпті, соның ішінде адамдар мен малдарға ортақ а у р у л а р д а н
қ о р ғ а у ;

малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

облыс аумағын жұқпалы аурулар қоздырғыштарының әкелінуінен қорғау.

**4. Бәсекеге қабілеттіліктің өсуі және сату көлемін ұлғайту Ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін бағалау. Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін анықтау өлшемдері**

Тиімділік, шығындарды азайту потенциалы.

**Бәсекелілік индексі** :

ішкі рынокта, импорт бағасының ішкі рыноктағы сату бағаларына қатынасы ретінде

е с е п т е л е д і ;

сыртқы рынокта, әлемдік және ресейлік бағалардың экспорттық бағаларға қатынасы

ретінде есептеледі.

**Сұраныс-ұсыныс индексі:**

ішкі рынокта, нақты қажеттіліктің отандық өндіріске қатынасы ретінде есептеледі;

сыртқы рынокта, ішкі тұтынуды алып тастағанда экспорт көлемінің өндіріс к ө л е м і н е
қатынасы ретінде есептеледі.

**2001 жылғы ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін талдау**

28 Кесте

| Атау | I өлшем | | | II өлшем | | | | | III өлшем | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өзіндік құны, Америка Құрама штаты доллары/тн | Сату бағасы | Тиімділік ,% 3-б., 2-б. ) 2-б*100 | Экспортбағасы , Америка Құрама штаты доллары/ тн | Импортбағасы, Америка Құрама штаты доллары/тн | Ішкірыноктағы бағасы, Америка Құрама штаты доллаы/ тн | Бәсекелікиндексі, Іб | | Ұсыныс ( өндіріс көлемі) мың тонна | С |
| | | | | | | | Ішкірынокта (6-б./3-б.) | Сыртқы рынокта (7-б./5-б.) | | І р т к м т |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 1 |
| Картоп | 173,7 | 194,8 | 12,5 | - | 162,3 | 159,8 | 0,8 | - | 8,9 | 2 |
| Көкөніс | 108,3 | 110,4 | 1,9 | - | 77,9 | 470,0 | 0,7 | - | 23,0 | 2 |
| Сиыр еті | 2410,0 | 2467,5 | 2,4 | - | 1818,2 | 1957,0 | 0,7 | - | 9,4 | 9 |
| қой еті | 2501,2 | 2724,3 | 8,9 | - | - | 2619,0 | - | - | 5,7 | 5 |
| Жылқы еті | 2016,0 | 2337,6 | 16,2 | - | - | - | - | - | 2,1 | 2 |
| Түйе еті | 1941,2 | 2281,2 | 17,5 | - | - | - | - | - | 0,5 | 0 |
| Құс еті | 1757,8 | 2012,9 | 14,5 | - | 1298,7 | 592,0 | 0,6 | - | 0,04 | 3 |
| Шикі сүт | 172,3 | 194,8 | 13,1 | - | - | - | - | - | - | - |
| с.і.өңделген сүт | 264,4 | 292,2 | 10,8 | - | 551,9 | 410,0 | - | - | 35,4 | 8 |
| Жүн | 396,7 | 324,7 | -18,1 | 389,6 | - | 4275,0 | - | 10,9 | 0,8 | 0 |
| Жұмыртқа,мың дана) | 58,1 | 68,2 | 17,3 | - | 38,9 | 37,5 | 0,6 | - | 900,0 | 3 |

Іб<1- бәсекеге қабілетсіз, Ік>1- бәсекеге қабілетті;

Іс±р<1- сұраныс жоқ, Іс±р>1-сұраныс бар;

Облыста өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімінің барлық түрлері, жүннен басқасы, ішкі және сыртқы рыноктарда тиімділігі төмен және бәсекеге қабілетсіз.

**Қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін бағалау**

**Қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтау өлшемдері Бәсекелік индексі:**

ішкі рынокта, импорт бағасының ішкі рыноктағы сату бағаларына қатынасы ретінде

есептеледі, сыртқы рынокта, импорттық бағалардың экспорттық бағаларға қатынасы ретінде есептеледі.

**Сұраныс-ұсыныс индексі:**

ішкі рынокта, нақты қажеттіліктің ішкі облыстық өндіріске қатынасы ретінде есептеледі, сыртқы рынокта, ішкі тұтынуды алып тастағанда экспорт көлемінің өндіріс көлеміне қатынасы ретінде есептеледі.

**2001 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін талдау**

29 Кесте

| Атау | II өлшем | | | | | Ұсыныс( өндіріскөлемі ) тонна | III өлшем | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сату бағасы | Импортбағасы, Америка Құрама штаты доллары/ тн | Экспорт бағасы, Америка Құрама штаты доллары /тн | Бәсекелік индексі, Iб | | | Сұраныс | | |
| | | | | Ішкі рынокта (2-б./1-б.) | Сыртқырынокта (2-б./3-б.) | | Ішкі рынокта тұтыну көлемі тонна*** | Импорткөлемі, тонна | Экс порт көл емі, тонн |
| А | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Қоюландырылған және құнарландырылған сүт | 974,0 | 710,0 | - | 0,7 | - | - | 8498,0 | 8500,0 | 0,0 |
| Ашымал сүт өнімдері, қаймақ | 1493,5 | 974,0 | - | 0,6 | - | 768,0 | 11380,0 | 10645,0 | 0,0 |
| Сары май | 2272,7 | 1354,0 | - | 0,6 | - | 250,0 | 790,2 | 540,0 | 0,0 |
| Ірімшік және сүзбе ірімшік | 2163,2 | 1758,0 | - | 0,8 | - | - | 476,3 | 478,0 | 0,0 |
| Балмұздақ | 1623,3 | 910,2 | - | 0,6 | - | 182,0 | 369,0 | 190,0 | 0,0 |
| Шұжық өнімдері | 2922,1 | 1215,0 | - | 0,4 | - | 210,0 | 1210,0 | 1002,0 | 0,0 |
| Ет және ет-өсімдік консервілер | 1818,1 | 1132,5 | - | 0,6 | - | 11,0 | 230,0 | 220,0 | 0,0 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Майонез | 1750,3 | 761,0 | - | 0,4 | - | 480,0 | 1531,0 | 1052,0 | 0,0 |
| Консервіленген көкөністер | 449,0 | 406,2 | - | 0,9 | - | 21,0 | 490,0 | 470,0 | 0,0 |

Iб<1- бәсекеге қабілетсіз, Iб>1- бәсекеге қабілетті Iс±р<1- сұраныс жоқ, Iс±р>1-сұраныс бар.

Облыста өндірілген өнімдердің барлық түрлері ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетсіз және сұраныс ұсыныстан жоғары.

**Балық саласын дамыту. Ағымдағы жағдайы**

Жайық-Каспий балық өнеркәсібі бассейнінің бекіре тұқымдас және қара балықтарды ұдайы өндіруде маңызы үлкен, ол балық саласында негізгі орын алады, бұл тарихи қалыптасқан фактілермен түсіндіріледі. Солтүстік Каспий әрқашанда бекіре тұқымдас, ірі қара және шабақ балықтарды өндіретін негізгі кәсіби аудан болған, бассейн бойынша балық аулау шегі жылына шамамен 50 мың тонна құрайды.

Бассейндегі балық қорын ұдайы өндіруде Жайық өзені маңызды рөл атқарады, ол бекіре тұқымдас балықтардың кең тараған, табиғи уылдырық шашу қоры сақталған жалғыз өзен болып табылады.

**Проблемалар:**

Каспий теңіз бассейні бойынша бекіре тұқымдас балықтар қорының депрессиялық жағдайы бұл бірқатар антропогендік әсерлер нәтижесі: судың ластануы, браконьерлік, өзен атырабындағы мелиоративтік жұмыстардың жеткіліксіз көлемі-Жайық өзені сағасының қатты сазданыуна әкеліп соқтырды. Соның себебінен бекіре тұқымдастардың Жайық өзеніне уылдырық шашуға өтуі шектелді. Бұл факторлар бекіре тұқымдастар қорын төмендетеді, өсімпаздық жағдайының бұзылуына әкеліп соқтырады, ұрпақтардың тіршілікке қабілеттілігін әлсіретеді.

Қалыптасқан жағдайда бекіре тұқымдас балықтардың әр түрлілігінің сақталуының, олардың қорын қалпына келтіру және тұрақты пайдаланудың негізгі стратегиялық жолы, балық шаруашылығында мелиоративтік жұмыстарының көлемін ұлғайту, табиғи уылдырық

шашу орнын қалпына келтіру және осы құнды балықтардың қолдан өсірілуін дамыту болып табылады.

1992 жылдан бері қаржының жоқтығынан мемлекеттік бюджеттен және өнеркәсіптен балық шаруашылығы мелиорациясы жұмыстары жүзеге асырылмаған. Биоқорларға төленген аз көлемді қаржылар бойынша жұмыстар қоршаған ортаны қорғау қорынан жүргізілді, барлығы 1997, 1998 жылдарда балық шаруашылығы мелиорациясына 7 млн. 865 мың теңге жұмсалған.

1999-2001 жылдары республикалық бюджеттен 240,0 млн.теңге бөлінген және 2002 жылға 126,0 млн.теңге жоспарланып отыр.

**Шаралар:**

шабақтардың шығарылуын көбейтуде бекіре тұқымдас балықтарды өсіретін қазіргі бар зауыттарды кеңейту және жаңғырту үшін қосымша инвестициялар тарту. Компенсациялық қаражат есебінен қуаттылығы 10 млн. дана шабақ шығаратын үшінші зауыттық құрылысын қарастыру.

Балық шаруашылығы мелиорациясы және өзендердің түбі мен олардың сағасын тереңдету бойынша толық көлемді жұмыстарды ұйымдастыру жолымен бекіре тұқымдас балықтардың уылдырық шашуы үшін жағдай туғызу.

Қазақстандағы халықаралық сауда жөніндегі конвенция комитетінің әкімшіліктік органының мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, бекіре тұқымдас балықтар саудасына халықаралық бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру мүмкіншіліктерін зерттеу, бұл халықаралық рыноктан жасырын келетін өнімдерді алып тастауға мүмкіндік береді және браконьерлік жолмен аулауды төмендетеді.

Экспорттық мүмкіншіліктерді шешу үшін, ЕС Комиссиясынан кәсіпорынның тіркеу нөмірін алуға, қазақстандық өндірушілерге көмек көрсету. Жайық-Каспий бассейнінде өзендер мен теңіздердің өнеркәсіптер мен ауыл шаруашылықтардан лас сулармен, мұнай өнімдерімен

ластануын болдырмау жөніндегі экологияны қорғау шараларын күшейту.

Кең көлемді балық қорғау акциясын, ішкі рынокта бекіре тұқымдас өнімдердің саудасына жаппай бақылауды қоса өткізу және жасырын келген өнімдер саудасына қатаң санкция қолдану.

Балық аулайтын және өңдейтін кәсіпорындарға өндірістік базасын жаңартуға және балық өңдеудің жаңа технологияларын енгізуге, Жайық өзенінің сағасын игеруге қаржылай көмек көрсету.

**Күтілетін нәтижелер:**

Жайық-Каспий бассейнінің балық қорын өсіру, сонымен қатар балық өнімдері мен балық аулау және өңдеуді арттыру.

**Қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту. Ағымдағы жағдай**

Ет, ет консервілері және шұжық өнімдерін шығаратын шағын цехтарды санамағанда, облыста ет өнімдерін өндіретін ірі өндірістер жоқ деуге де болады. Бұндай цехтар саны 13, Жылыой, Мақат, Қызылқоға, Индер аудандарында бір-бір цехтан, Құрманғазы, Исатай аудандарында және Атырау қаласында 3 данадан. Олардың барлығының қуаттары аз және толық қуатында жұмыс жасамайды. Орташа алғанда жылына, етке шаққанда 1,2-1,3 мың тонна ет өнімдері өндіріледі. Мақат ауданында жаңадан салынған ет-шұжық цехы мердігерге құрылыс-монтаж жұмыстарына толықтай ақысы төленбегендіктен, төртінші жыл тоқтап тұр. Қызылқоға ауданында ет консервілерін шығаратын цех шығаратын өніміне сұраныс болмағандықтан тоқтап тұр.

Сүт өнімдерін өндіретін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны облыс бойынша 3 бірлік, бір-бір кәсіпорыннан Атырау, Құлсары қалаларында және Махамбет ауданында. Оның ішінде, сүт өндіретін ең ірі зауыт Атырау қаласында, оның сүт және сүт өнімдерін шығару қуаты сүтке шаққанда ауысымға 25 тонна. Қазіргі жағдайда шикізат қорының шектеулі болуынан қуаты 25-30%-ға пайдаланылады. Кәсіпорындар негізінен сүт ұнтақтарымен жұмыс

жасайды, жаңа сауылған сүт зауытқа тек қана "1-май" акционерлік қоғамынан және жақын арадағы екі шаруа қожалықтарынан келіп түседі. Тұрғындардан сүт жиналмайды. Өндірілетін өнімнің сұрыпталымы әр түрлі, бірақ көлемі өте аз, сүзбе өнімдері шамамен 0,2 тн, ірімшік өнімдері, сүт және ашымал сүт өнімдері 2,0-2,5 тн.

Біздің облысымызда жүнді және тері шикізатын өнеркәсіптік өңдеу жүргізілмейді. Атырау қаласында тері шикізатын өңдейтін, қой терісінен тон тігетін шағын цех бар, өңдеу қуаты тәулігіне 20 тері.

Құрманғазы ауданының екі шаруашылығында жүн өңделеді, өңделген жүн байпақ, киіз және иірілген жіп өнімдерін шығару үшін пайдаланылады, бұл жұмыстар қолмен атқарылады.

Облыста ұн өңдейтін кәсіпорын жоқ. Құрама жем зауыты банкротқа ұшырап, жеке құрылыммен сатылып алынған, қазіргі уақытта өнім шығарумен айналыспайды.

Жауын көп қолайлы жылдары дәнді дақылдар егілетін Қызылқоға ауданының үш шаруашылығында қуаты аз, тәулігіне 500 кг ұн шығаратын диірмендері бар. Көп жағдайда бұл диірмендермен малға дәнді дақылдарды жармалап шығарады.

1997 жылы Индер ауданының "Сенімді" шаруа қожалығында, өнімділігі тәулігіне 10 тн қант қызылшасын өңдейтін, 1 тн құм шекер және 200 литр этил спиртін шығаратын қант зауыты салынған. Бірақ, зауыт бір күн істеместен, үш жыл тұрып, кейіннен сатылып кетті.

Индер (тәулігіне 700 кг) және Қызылқоға (тәулігіне 200 кг) аудандарында өсімдік майын шығаратын цехтар, шикізат жоқтығынан тоқтап тұр. Бұл өндіріс үшін шикізат - күнбағыс егу Атырау облысының жағдайында тиімсіз.

Облыста көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін өңдейтін мамандырылған кәсіпорындар жоқ. Көкөніс консервілер мен түрлі сусындар өндіретін қолда бар желі қуаттарының өзі (тәулігіне 3,5 тонна) бейімделген бөлмеде жасақталған. Бірақ, бұл қуаттар түрлі себептерге байланысты толықтай пайдаланылмайды.

**Проблемалар:**

қайта өңдеу кәсіпорындарының технологиялық құрал-жабдықтармен нашар жарақтандырылуы, олардың моральдық ескіруі және тозуы, еуропалық стандарттарға сәйкес сапалы өнім өндіруге және өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік бермеуде;

несие беру кезіндегі банктердің жоғары пайыздық ставкалары және салынған кепілдікке қатаң талаптары ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге, банк және бюджеттік несие қаражаттарын алуға қиындық туғызуда;

елді мекендердің бытыраңқылығы, жол жоқтығы және көлік қатынасының әлсіз дамуы;

тұрғындар өндірген өнімдерінің артылғанын сатып алу жүйесінің жоқтығы.

**Мақсаттар:**

ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді қалпына келтіру және дамыту, қайта өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық және техникалық жағынан артта қалушылығын еңсеру;

бағаны және өндіріс шығындарын азайту, өнім сапасын жақсарту есебінен өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыруды қамтамасыз ету;

импортты азайту, өндірісті дамыту мен қайта өңдеу саланың кәсіпорындары үшін шикізат сатып алуды дамыту, және ішкі рынокты жоғары сапалы отандық өндіріс өнімдерімен толықтыру есебінен төлем қабілеті бар облыс тұрғындарының мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сұрыпталымына деген сұранысын барынша қанағаттандыру;

жұмыс орындарын қалпына келтіру және жаңадан құру.

**Шаралар:**

тікелей инвестициялар мен кредиттік ресурстар арқылы қолданымдағы өндіріс кәсіпорындарын ішінара жаңғырту техникалық жарақтандыру, және жаңа қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған кәсіпорындар құрылысын салу халықаралық стандарттар талаптарына сай, жоғары сапалы азық-түліктер өндіруді қамтамасыз ету;

әсіресе шалғай аудандарда ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау желісін дамыту

, қ а й т а
өңдеу кәсіпорындарының өзіндік шикізат базасын құру;
лизингтік жеткізілім бойынша технологиялық құрал-жабдықтар сатып алу.

**Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді дамытуға республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемдерінің 2003-2005 жылдарға арналған есептері (млн.теңге)**

30 Кесте

| | **2003 ж.** | **2004 ж.** | **2005 ж.** |
|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға арналған жабдықтардың лизингі | 80,0 | 104,0 | 114,0 |
| Жабдықтардың лизингі бойынша пайыздық ставкасын (7%) өтеу | 5,6 | 7,2 | 8,0 |
| Айналымдағы қаражатты (15%-ға дейін) толықтыру үшін, қайта өңдеуші кәсіпорындарға берілетін банктік несиенің пайыздық ставкасын жеңілдету | 3,0 | 4,5 | 5,5 |
| **Барлығы:** | **88,6** | **115,7** | **127,5** |

**К ү т і л е т і н н ә т и ж е**

**Облыста 2001 жылы және 2005 жылға дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру**

31 Кесте

| №№ | Өнімнің атауы | Өлшем бірлігі | 2001ж. | 2002 ж. күтілуде | 2003ж. болжам | 2004ж.болжам | 2005ж. болжам | 2005ж. 2001ж-ға% есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ет және тағамдық қосымша өнімдер | тн | 8600,0 | 9100,0 | 9150,0 | 9200,0 | 9250,0 | 107,6 |
| 2 | Шұжық өнімдері | -«- | 240,0 | 245,0 | 245,0 | 250,0 | 260,0 | 108,3 |
| 3 | Қоюландырылған сүт өнімдері | -«- | 28600,0 | 29100,0 | 29500,0 | 30000,0 | 30400,0 | 106,2 |
| | оның ішінде шұбат | -«- | 1400,0 | 1460,0 | 1480,0 | 1490,0 | 1500,0 | 107,4 |
| 4 | Жұмыртқа | млн.дана | 0,9 | 8,0 | 9,6 | 11,0 | 12,4 | 13,7 есе |
| 5 | Жеміс-көкөніс консервілері | тн | 200,0 | 200,0 | 400,0 | 500,0 | 550,0 | 2,8 есе |
| 6 | Жүн | тн | 153,0 | 156,0 | 157,0 | 158,0 | 160,0 | 104,5 |
| 7 | Қой терісі | мың дана | 102,0 | 105,0 | 105,0 | 106,0 | 108,0 | 105,9 |

Қайта өндіру қуатын арттыру, шикізат сатып алуды жетілдіру есебінен 2005 жылы өнеркәсіп өндірісі 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда: ет пен қосымша тағам ө н і м д е р і
бойынша 7,6%-ға; шұжық өнімдері бойынша 8,3 %-ға; сүт өнімдері бойынша 6,2%-ға, ж ұ м ы р т қ а

бойынша 13,7 есе; жеміс-көкөніс консервілері бойынша 2,8 есе ұлғаяды.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің үлесі өседі және соған сәйкес азық-түліктердің үлес салмағы, олардың жалпы тұтыну көлемі ұлғаяды.

Жұмыс орындары қалпына келтіріледі және жаңадан қосымша орындар ашуға болады, бюджетке түсетін түсімдер ұлғаяды (әлеуметтік салық, жеке тұлғаларға салынатын салық).

Көзделген шараларды іске асырғанда, қайта өңдеу саласында 2003 жылы 16 жұмыс орнын қалпына келтіруге және жаңадан 14 жұмыс орнын ашу, 2004 жылы тиісінше 13 және 15, ал 2005 жылы 8 және 18 жұмыс орнын ашу қамтамасыз етіледі.

**Ауыл шаруашылығы өнеркәсібіндегі қайта өңдеу кәсіпорындарын аймақтық дамытудың негізгі бағыттары**

Аймақтық экологиялық қолайсыздығын ескере отырып, мемлекет тарапынан, шұбатпен балалар тағамдарымен қоса сүт өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге басым қолдау көрсетіледі.

Атырау қаласының маңында инвестициялық қаржылар есебінен, ет-сүт өнімдерін өндіру мен өңдеуді қосып атқаратын, ет-сүт бағытындағы мал шаруашылығы кешенін құру көзделіп отыр.

Мал азығы қоры бойынша Қызылқоға, Құрманғазы, Индер аудандарының жағдайлары мал шаруашылығын дамытуға қолайлы. Сүт және сүт өнімдерінің өтімді рыногымен жақсы қамтылған Махамбет, Индер, Құрманғазы аудандарында сүтті мал шаруашылығы дамуы керек. Түйе шаруашылығы қала маңын қоса облыстың барлық аудандарында дами алады. Болашақта арнаулы түйе шаруашылығы фермасын құрып және түйе сүтін қалбырларға құйып шығаруды ұйымдастыру көзделіп отыр.

Көкөніс пен жемістерді өндіріп және өңдеуді дамытуға үлкен назар аударылады. Бұл саланы сумен қамту мәселелері оңай шешілетін Атырау қаласының маңында, Махамбет, Құрманғазы, Индер аудандарында дамыту тиімді. Махамбет ауданындағы "Орал" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігінде қолданыстағы көкөніс өңдеу цехының базасында көкөніс пен жеміс-жидек шырындарын өндірумен құю ұйымдастырылады.

Мал шаруашылығы өнімдерін тиімді және толықтай пайдалану және қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында, Атырау қаласының селективті аймағынан тысқары, жүн және тері өңдейтін фабрика құрылысын салу талқылануда.

Облыста қант, өсімдік майын өндіру жағы жылдарға жоспарланбаған, бұрынғы жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, біздің аймақтық жағдайында қызылша қанты мен күнбағыс өндіру тиімсіз.

**Өнім сапасын көтеру. Ағымдағы жағдай**

Алпысыншы жылдары қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы өнімдер сапасының стандарттары, ескірген, олардың сапа көрсеткіштері халықаралық стандарттарына сәйкес келмейді.

Сонымен бірге, жеке шағын тауар өндірістерінің көптігінен өнім сапасын бақылау қиынға түсіп тур, өйткені бақылауды жүзеге асыратын көптеген зертханалар қажетті± құрал-жабдықтар кешенімен жарақтандырылмаған.

Әлемдік рынокта мал өнімдерімен және шикізатпен сауда малдан өндірілетін жасауды жүзеге асыру үшін техникалық кедергілерді болдырмау мақсатында, шаралары туралы келісім принциптері талаптарына, Республикада ветеринария жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді қайта қарау және сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуін, назарға ала отырып облыста өндірілетін өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ететін маңызды бір шарты ретінде өнімдердің сапасын түбегейлі дүниежүзілік сауда ұйымының ветеринарлық-санитарлық және фитосанитарлық шаралары туралы келісім принциптері талаптарын арттыру жөнінде жұмыстар жүргізіледі.

**Проблемалар:**

қайта өндіру кәсіпорындардың құрал-жабдықтарының моральды ескіруі және тозуы және олардың аз қуаттылығы;

өнім сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жарақтандыру деңгейінің төмендігі;

халықаралық стандарттарын енгізуде азық-түліктерге сараптама жүргізетін, даярланған зертханашы-мамандардың жоқтығы.

**Шаралар:**

сапа жүйесінің халықаралық стандарттары негізінде малдан өндірілетін және өсімдік тектес өнімдерге толық көлемде өнім сапасын сараптай алатын ветеринарлық-карантиндік зертханаларды және ірі қайта өндіру кәсіпорындар зертханаларын қазіргі заманғы зертханалық құрал-жабдықтармен және құрылғылармен жарақтандыру;

халықаралық сапа стандарттарға сай ветеринарлық зертханалардың және санитарлық-эпидемиологиялық стансы зертханаларының, қайта өңдеу кәсіпорындардың қызметкерлерін өнімнің сапасына сараптама жүргізу тәсілдеріне үйрету;

**Күтілетін нәтижелер:**

ветеринарлық және карантиндік зертханаларды қазіргі заманғы зертханалық құрал-жабдықтармен және құрылғылармен жарақтандыру;

халықаралық стандарттарын енгізу және өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту;

облыста өндірілетін өнімдердің сыртқы рыноктарға қол жеткізілуін ұлғайту және кеңейту.

**Көтерме сауданы дамыту. Ағымдағы жағдайы**

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 9 ұсақ көтерме және бөлшек сауда базарлары, 11 дайындау құрылымдары қызмет етуде. «Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу бағдарламасы бойынша жыл сайын облыстық бюджеттен көтерме-дайындау жүйелерін дамыту үшін 5,0 млн.теңге шегінде несиелік қаражат бөлу қарастырылуда. 2001 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін көтерме дайындауына накты қаржыландырылу 3,3 млн.теңге құрап отыр. Үстіміздегі жылда игеру әзірше жоқ.

**Проблемалар:**

облыс аумағының кеңдігі, елді мекендердің бытыраңқылығы, қолайлы тегіс жолдардың жоқтығы көптеген көліктік шығындарға себепші болып, көтерме дайындау мен көтерме сауда дамуын тежейді;

қайта өңдеу кәсіпорындарының нашар дамуы және ауыл шаруашылығы шикізаттарын дайындау пункттерінің жоқтығы;

шалғай аудандар тұрғындарына, артық ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауға субсидия төлеу мәселесінің шешілмегендігі.

**Шаралар:**

тұрғындарды болашағы нашар елді мекендерден аудан орталығына және болашағы бар аймақтарға көшіруді қолдау;

Сүт өндірісіне субсидия төлеу және шалғай аудандардағы тұрғындарынан артылған ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудағы көліктік шығындарын өтеу мәселелерін шешу;

82 "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасы бойынша, облыстық бюджет қаражатынан несие бөлу практикасын жалғастыру;

қала мен аудан орталықтарында муниципалды базарлар құру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындап, сату үшін жылжымалы шағын базарлар ұйымдастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

Бұл шаралар аграрлық сектордағы тиімді сауда-сатттық жүйесін қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін жоғарылатуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлеріне демпингтік бағаны болдырмауға және импортты азайтуға мүмкіндік береді.

**Ақпараттық-маркетингтік жүйені дамыту. Ағымдағы жағдайы**

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастырудың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 1627 қаулысына сәйкес облыста 31 "Ақпараттық-маркетингтік жүйені дамыту" бюджеттік бағдарлама ашылды, ауыл шаруашылығы басқармасы штатына ақпараттық-маркетингтік жүйесі және бағдарламаны қамтамасыз ету жөніндегі бас маман лауазымы енгізілді. Ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйе мен Интернет желісіндегі Web-сайтты ұстауға ағымдағы жылы бюджет қаражатынан 2,9 млн.теңге бөлу көзделген. Ауыл

шаруашылығы басқармасына қажетті компьютерлік құрал-жабдықтар сатып алынды және мәліметтер банкін құру үшін мәліметтер жинау жүзеге асуда. Аудандарда маркетингтік қызметінің маманы бойынша дербес қызмет орны әзір жоқ, бұл қызметтің функциясы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы (бөлімдерінің) қызметкерлерінің біреуіне жүктелген.

**Проблемалар:**

Атырау облысының Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесіне қосылмағандығы;

Аудан деңгейінде ақпараттық қызмет жұмысының мардымсыздығы, сонымен қатар ауылдық округ деңгейінде бастапқы ақпаратты жинау жүйесінің болмауы;

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің рынок жағдайы, ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысты қабылдап жатырған актілер туралы хабардар болуының төмендігі;

